

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ - БІРЛІК, АНАСЫ - ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан  
бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 14 ҚЫРКҮЙЕК, 2024 ЖЫЛ №103 (23 425)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

## • ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ - ЕЛ МҮДДЕСІ

# Әлеуметтік саясат әділеттілікті көздейді

Біздің еліміз – әлеуметтік мемлекет. Яғни, мемлекет азаматтарға тегін орта білім беруді, медициналық көмектің кеңірек берілген көлемін, жұмыссыздықтан қорғауды, зейнетақы төлеуді және басқа да әлеуметтік қолдау көрсетуді өз міндетіне алады. Бұл ретте тұтас қоғамды, халықты әлеуметтік тұрғыдан қорғау мен қолдауды қамтамасыз ететін шаралар бірінші орынға шығады.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік саясаттың жүгін көтерген мемлекеттік бағдарламалар аз болған жоқ. Бүгінгі таңда қабылдаған барлық шаралар әуелі халықтың әл-ауқатын, тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталуда. Екі жыл бұрын қабылданған «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» бытыр ел Үкіметінде өзгертіліп, 2029 жылға дейін ұзартылды. Бағдарламада қарастырылған іс-шаралар еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін жүзеге асыру ісіне жеке секторды белсенді тарту арқылы барлық өңірде әрбір азаматтың өнімді жұмыспен қамтылып, қолға алар нақты табысының артуына, әл-ауқаты мен тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына қол жеткізуге бағытталған. Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде 2029 жылға дейін 3,3 миллионнан астам адам, оның ішінде, 2,3 миллион жас жұмыспен қамтамасыз етіледі. Жалпы ішкі өнімдегі жалақы төлеу үлесі 41,1%-ға дейін ұлғаяды (30,1%-дан), кедейшілік деңгейі 5%-ға (5,3%-дан), ал, жұмыссыздық деңгейі 4,6%-ға (4,9%-дан) дейін төмендейді. Бұл алдағы күннің еншісінде. Ал, қазір табысы ең төменгі күн көрері деңгейінен төмен тұрмыс кешкенің үлесі – 5,3%. Көпшілігінде халықтың қолына алатын таза ақшасы негізгі деген қажеттіліктерден әрі аспайтыны, кейде, тіпті, жетпейтіні жасырын емес. Жәрдемақы және зейнетақымен ғана күн көріп отырғандар қатары артқанын



Сурет: ашық деректер

аңғару қиын емес. Ресми мәліметтер бес жылда халықтың жалпы кірісіндегі еңбектен тапқан табысы 80%-дан 67%-ға дейін қысқарғанын, ал, әлеуметтік трансферттің көлемі 17%-дан 29%-ға дейін артқанын көрсетеді. Мемлекеттік өз міндеттемесіне сәйкес, барлық базалық төлемдерді, әлеуметтік жәрдемақыларды жыл сайын арттырып келеді. Алайда, инфляцияның өсуі, нарықтағы қымбатшылықтан ол да, еңбеккердің өскені де байқалмай қалады. Бұл ретте мамандар халық табысының төмендеуінің тағы бір себебі ретінде басым көпшіліктің өнімсіз жұмыспен қамтылуын атайды. Сарапшылардың мәліметіне сәйкес, елімізде 4,9 миллион адам экономиканың өнімділігі төмен салаларында жұмыс істейді. Бұл жұмыс істейтін халықтың 56,3%-ы. Яғни, осыншама адам өнімділігі аз еңбекпен айналысып, онысына мардымсыз жалақы алады деген сөз. Әлеуметтік

теңсіздік бұл мәселелерді ұшықтыра түседі. Мемлекет басшысы әу бастан әділетті әлеуметтік саясат жүргізу қажеттігін көтерді. Осы жолғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауында да әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға қолдау көрсету – өте маңызды міндет екенін атап өтті. Ел бюджетінің жартысынан көбі осы әлеуметтік салаға бөлінетіні бәрине мәлім. Алдағы уақытта кешенді бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы саладағы қордаланған бұл проблемалар кезең-кезеңімен шешімін табуы тиіс.

Бүгінде де әлеуметтік аз қамтылған кез келген санаттағы адамдар үшін жұмыс істеп тұрған түрлі жобалар мен бағдарламалар жетерлік. НЕЕТ санатына кіретін жастар үшін «Алғашқы жұмыс орны», «Мүмкіндіктер марафоны», түлектер үшін «Жастар практикасы», «Ұрпақтар келісім-шарты» жобалары аясында субсидиялау мерзімі мен мөлшері ұлғайтылған. Зейнеткерлік жасқа тақап қалған егде адамдар үшін «Күміс жас» жобасы қолға алынған. Оның сыртында, үйде отырған аналарға, мүгедек баланың күтімімен отырған аналарға, басқа өңірден келген жастар үшін тұрғын үй жалдауға көтерме жәрдемақы төленеді. Алдағы уақытта жастарды еңбекке баулу және ынталандыру мақсатында тиісті заңнамаға «жас жұмысшы» ұғымы енгізілмек. Отбасының цифрлық картасы арқылы әр отбасындағы әр адам жайлы дерек қамтылып, отбасының жай-күйі нақтыланады. Көмекке мұқтажы бірден анықталып, түрлі қолдау шараларымен қамтылатын болады. Бастысы, Президент айтқандай, «мемлекеттік қолдау, шын мәнінде, мұқтаж адамдарға көрсетілуі қажет. Бір сөзбен, кез келген әлеуметтік көмек әділ, ашық және тиімді болуға тиіс».

## Ел дамуының бағдары

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауын жариялады.

Биылғы Жолдау да Президенттің бұған дейінгі Жолдауларынан және сайлауалды бағдарламасынан бастау алған реформаларды одан әрі дамытуға арналып отыр. Бұл Жолдау да халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Әлеуметтік, қаржылық, энергетикалық, аграрлық салалардағы туындаған мәселелер мен олардан шығу жолдары сөз болды. Халықтың басындағы несиеге алаңдаушылық білдірген Президент бұл қоғамдық қатердің алдын алу үшін банктердің ақша-несие саясатына байланысты жүйелі талдау жүргізіліп, үйлесімсіздікті жою үшін банктер туралы жаңа заң қабылдау қажеттігін атап өтті. Қазына қаржысын стратегиялық маңызы жоқ шаруаларға жұмсамауды қатаң ескертті. Келесі бағытта Мемлекет басшысы денсаулық саласын, бұқаралық

спорт пен балалар спортын дамыту, «Әлеуметтік әмиян» жобасын жүзеге асыру, елдегі экологиялық ахуалды жақсарту, қоршаған ортаны қорғау сияқты өзекті мәселелерге кеңінен тоқталып, «Таза Қазақстан» акциясын одан әрі жалғастырып, әрбіріміз өз айналымызды таза ұстауға міндетті екенімізді айтты.

Ел Президенті Жолдаудың соңғы тоғызшы бағытында көпұлтты Қазақстанда барлық азаматтардың тең құқыққа ие екеніне аса мән беріп, әрбірімізді елдегі бірлікті сақтауға, арандатушылыққа жол бермеуге шақырды.

Жолдауда халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру, мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін арттыру, қоғамда тәртіп идеологиясын терең орнықтыру да жан-жақты қамтылған. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында айтылған мәселелердің болашақта толық жүзеге асытынына үлкен сенім арттымыз!

Гүлжахан ШӨРБЕКОВА,  
Приозерск қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы

ПРИОЗЕРСК

Сергей УРЫВАЕВ,  
Токтар Әубәкіров атындағы гимназия директоры,  
Теміртау қалалық мәслихатының депутаты

## • АЭС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

# Адамзат баласы атомға мұқтаж

Елімізге атом электр станциясы керек деген ұсыныс айтылғаннан бері қазақ қоғамы екіге бөлінгендей. Бірі станцияның тиімді тұстарын тізіп, керек деп отыр. Ал, екінші тарап қарсы. Телеарналардағы түрлі бағдарламалар мен әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз болды, осы тақырып төңірегіндегі неше түрлі әңгімені естисіз. Қарсылық білдіріп отырғандардың сөзіне құлақ асаңыз, бойымызда үрей бар. Сол үрейге Семей полигонының зардабы себеп дейді көбі. Ойлап қарасаңыз, жөн пікір. Уран деген сөзді естісек болды... Атом десе, көзімізге тек жарылыс елестейтін секілді ме, қалай? Біздіңше, жаңа ғасырда атом электр станциясынан ат-тонын ала қашу дұрыс емес. Әлемнің дамыған мемлекеттері осы қуат көзіне арқа сүйен отырғанын ескерген жөн.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«АЭС ауадай қажет»  
Әуелі адам баласының табиғаты турасында сөз қозғайық. Аш қалмас үшін жыртықшандардан қалған жемтікті теріп жеген деседі. Бірақ, жыртықштар бір уақытта адамдарды да торуыдай бастап, әлгі өлексеге де зар болыпты-мыс. Тіршілік үшін күресіп жүріп қорғану құралдарының қажеттілігі туындаған. Сөйтіп,

екі аяқтылар төрт аяқтылардан қорғанудың қаншама тәсілін ойлап тапты. Күндердің бір күнінде аспанның найзағай түсіп, адам қолына от тиді. Отты игерді. Отты игерген күннен бастап табиғаттағы азық пирамидасының басына көтерілді. От – қару һәм қуат. Қашанғы жыртықштан қаша бермек?! Жаңа дүниелерді үйренбек керек. Үйренбесең, игермесең – өлесің. Жер бетінен ізін өшеді.

► 3-бет



Коллаж жасаған Ш.Адамбекова

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 525.85

• USD/KZT 477.13

• RUB/KZT 5.24

• CNY/KZT 67.00

Қазақстан Ұлттық Банкінің  
13 қыркүйек, 2024 жылғы дерегі бойынша





## Ынтымақтастықты дамытуға ынталы

Кеншілер өлкесіне Новгород облысы губернаторының бірінші орынбасары Евгений Богданов бастаған делегация ат басын тіреді. Мақсаты – елімізбен ынтымақтастықты одан әрі дамыту. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев қоғамдастық арнайы қабылдап, кездесу өткізді.

Кездесу барысында екі жақтың сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара іс-қимыл мүмкіндіктері ортаға салынып, ұсыныс-пікірлер айтылды.

Евгений Богдановтың мәлімдеуінше, Арқа жеріне арнайы келген делегация құрамында трансформаторлар, мұнай-газ өнеркәсібіне арналған жабдықтар, шыныдан жасалған өнімдер шығаратын және ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін компаниялардың өкілдері бар екен.

– Біз үшін облыстар деңгейіндегі ынтымақтастық аса маңызды. Қарағанды облысы – ірі өнеркәсіптік аймақ. Новгород облысының экономика құрылымында өңдеу өнеркәсібі басым. Сондықтан да, біз сіздердің тәжірибелеріңізге қызығушылық танытып отырмыз, – деп атап өтті Евгений Богданов.

Делегация жетекшісі бұдан бөлек, білім беру саласындағы ынтымақтастықтың әлеуеті зор



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

екенін де назардан тыс қалдырмады. Осыған орай делегация құрамында Новгород мемлекеттік университетінің ректорының да келгенін атап өткен жөн.

– Біз қашанда өзара тиімді ынтымақтастыққа дайынбыз. Бірлесі отырып, жұмыс істейтін салаларды нақтылауға болады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз тілшімізден

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Инклюзивті ойын алаңдары салынады

Аймақта ерекше қажеттілікті талап ететін балалар үшін қолайлы орта құруға жіті көңіл бөлініп келеді. Саладағы барлық проблеманы тыңдап, оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тоқсанына бір рет мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен кездесулер өткізді. Кезекті кездесуде инклюзивті ойын алаңдары туралы мәселе көтерілді.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожуховтың айтуынша, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы жабдықтары бар екі ойын кешенін орнату жоспарда тұр.

Жиын барысында Ермағанбет Бөлекпаев осындай алаңдарды барлық жерде салу қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, келесі жылдан бастап, облыс аумағындағы барлық қала, аудандарда осындай алаңдар салынуы тиіс.

Мүгедектігі бар жастарды жұмысқа орналастыру – өзектілігін жоймайтын мәселе. Қабылданып жатқан шаралар туралы білім беру, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының басшылары өз баяндамасын ұсынды.

Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінің базасында мүмкіндігі шектеулі жандарды кәсіптік дайындауға арналған Ресурстық орталық іске қосылған.

Облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова қаланың Орталық мәдениет және демалыс саябағының тапсырысымен көгалдандырушыларды



дайындау үшін білім беру бағдарламасын әзірлегенін айтады. Курстардың алғашқы түлектері жұмысқа орналастырылып та үлгеріпті. Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған этникалық шығармашылық орталығы да жұмыс істеп тұр.

Алдағы уақытта жұмыс берушілер тізілімі бар мобильді қосымша әзірлеу жоспарланып отыр. Онлайн режимінде бос орындар туралы ақпарат алуға және

кәсіпорындарда тағылымдамадан өтуге өтініш беруге мүмкіндік жасалған.

Террикон алқабының базасында мүмкіндігі шектеулі және оларға күтім жасайтын жандарды цифрлық кәсіпке оқыту жалғасуда. Қазір екінші ағына өтінімдер қабылданып жатыр.

Ата-аналар мүмкіндігі шектеулі студенттерге дуальды оқыту алаңдарын құру идеясын ортаға салды. Бұл оларға колледжді бітіргеннен кейін жұмыс табуға көмек-

тесетінін атап айту керек.

Бұдан бөлек, кездесуде білім, денсаулық сақтау, спорт саласындағы мәселелері де көтерілді.

Қатысқан ата-аналар ашық диалогтың конструктивтілігін де атап өтті.

– Бүгін 30-дан астам сұрақ қойылды. Олардың бір бөлігі бірден жауап алды. Кездесу барысында облыс әкімі тарапынан бірқатар тапсырма берілді. Бірлесі жұмыс істеу – жақсы, форматы – өнімді. Бұрын ауқымды мәселелер көтерілсе, қазір жеке мәселелер ортаға салынады. Оң өзгерістерді көріп, қуанып отырмыз, – дейді Қарағанды қаласы әкімінің мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Әсел Бекбаева.

Аймақ басшысы әріптестерін осындай тұрақты байланыс арқылы кеңесіп, бірлесі жұмыс істеуге шақырды.

– Көптеген мәселені жергілікті жерлерде шешуге болады. Сондықтан, оларды облыстық деңгейге шығарудың қажеті жоқ. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен кездесуге уақыт бөліңіздер. Біз осындай отбасыларға көмектесуіміз керек және міндеттіміз! – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## РЕФЕРЕНДУМ – 2024

## Энергетикалық тәуелсіздіктің кепілі

Мамандар елімізде АЭС салу – электр энергиясының тапшылығын жоюға ынталы аяда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы мәселені ескере отырып, өз Жолдауында АЭС құрылысы бойынша жалпұлттық референдум өткізуге шешім қабылдады. Яғни, таңдауды халықтың еркіне салды. Халыққа АЭС жайлы ақпарат беру мақсатында елде АЭС-ті салуды қолдау жөніндегі арнайы штаб құрылған болатын. Күні кеше аймаққа үш топтан құралған штаб мүшелері келіп, халықпен кездесіп қайтты.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған штабтың бір тобын Парламент Мәжілісінің депутаты, АМАНАТ партиясы фракциясының мүшесі Асхат Аймағамбетов бастап келді. Олар әуелі Қарағанды жоғары техникалық колледжінде экологтармен кездесті. Кездесу барысында сала мамандарымен атом энергетикасының даму перспективаларын талқылады. Және АЭС салынғаннан кейінгі жағдайда қоғамда қандай өзгеріс болатыны жөнінде ашып айтып, көптің талқысына салды. Әуелі Асхат Қанатұлы референдумның маңыздылығы және түсіндіру жұмыста-

салынады, – деді Евгений Леонидович.

Қарағанды зерттеу университетінің профессоры, ғалым Бекболат Нүсіпбеков «АЭС – Қазақстанға таңсық емес» дейді.

– 1973-1999 жылдар аралығында Маңғыстауда «Маңғышылақ» атом энергетикалық комбинаты атом энергетикалық комбинаты жұмыс істеді. 1998-1999 жылы диссертациялық жұмыс барысында сол комбинатта біраз еңбек еттім. Бір сөзбен айтқанда, АЭС-тің ішкі құбылысымен толық таныспын деп айта аламын. Қазіргі біздің ұсынып отырған дүние – су-сулы энергетикалық реакторлар. Ол дегеніміз, екі контурдан тұрады. Бірінші контурда реактивтік отын жұмыс



рының өзектілігін баса айтты.

– Қарағанды облысы – Қазақстандағы көшбасшы орынға ие қуатты индустриялық орталық. Ірі өнеркәсіптік өңір. Мемлекет тағдырына қатысты маңызды шешімдер халықтың қатысуымен және оның пікірін ескере отырып, қабылданады. Бұл – Президентіміздің саясатының өзгермес қағидасы. Яғни, біздің қоғамда жаңа саяси мәдениеттің қалыптасып жатқанын аңғартады. Біз әрбір қадамды нақтылап, реформаларды кезек-кезеңмен жүзеге асырамыз. Басты мақсат – әрбір азамат, әрбір отбасы реформалардың игілігін сезінуі. Референдум – әр азаматтың өз елінің болашағына қатысты шешім қабылдауға қатысу мүмкіндігі.

Кездесу барысында мамандар электр энергиясының тапшылығы жайында сөз қозғады. Жалпы, электр энергиясының тапшылығы жаңа технология, өндіріс орындары, медицина және әлеуметтік сала сынды маңызды тетіктердің дамуына кедергі келтіретіні айдан анық. Ал, ондай жағдайда бизнеске инвестор тартуға да болмайды. Мамандардың сөзіне сүйенсек, бүгінде елге жетпеген электр қуаты Қырғызстан мен Ресей елінен алынууда.

Ал, ядролық физика институты директорларының орынбасары Евгений Ермаков АЭС-тің Қазақстанға таңсық еместігін айтады. Себебі, «Алматыдағы ядролық физика институтында атомдық зерттеу реакторы өткен ғасырдың 60 жылдарынан бері медицинаға қажетті радиоизотоптар шығарып келеді. Ал, ол обьыра шалдыққан мыңдаған адамды емдеп, тексеруге қолданылады» дейді. Әрі атом станциясы үздіксіз электр қуатын шығарып қана қоймай, қауіпсіз әрі экологиялық тұрғыда таза болады деп түсіндірді.

Атом энергетикасының дамуы осы салада дамуға жол ашады. Бізге жаңа, басқа да дәрі-дәрмек шығаруға мүмкіндік береді. Жылна үш мың адамға диагностика жасап, емдеуге күшіміз жетіп отыр. Бұл – үлкен жетістік.

Қарағанды экологиясы нашар өңірлердің бірі болғандықтан жергілікті ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері атом энергетикасын дамытуды құптап отыр. Оның үстіне жоспарлы станция ең жаңа үлгіде

істейді. Отын арқылы суды қыздыра отырып үлкен көлемдегі қыздырылған буды аламыз. Ал, екінші контур турбинаның бойында орналасқан генераторды айналдырады. Бұл, сәйкесінше – электр энергиясы.

1979 жылы Америкада алғаш рет АЭС-тің апаты тіркелді. Одан кейін 1986 жылы Украинадағы Чернобыль АЭС-інде, 2011 жылы Жапонияда қатты жер сілкінісінің салдарынан Фукусима-1 АЭС-інде ірі апат орын алды. Көпшілік соңғы Жапонияда болған апаттан үрейленіп қалған. Неге? Жапондар судың жанында орналасқан станцияны цунамиден қорғау үшін биіктігі 10 метрге жуық қорған салған. Алайда, сол жылы болған цунамидің биіктігі 14 метрге жетіп, станцияны толық басып қалды. Бірақ, ол жерден радиоактивті заттар бөлініп шыққан жоқ. Бүгінде әлі жұмысын тоқтатпады. Яғни, ешқандай денсаулыққа зияны жоқ, – деді Бекболат Рақышұлы.

Сонымен қатар, Бекболат Рақышұлы АЭС-тің бұрынғы емес, жаңартылған, жетілдірілген нұсқасы екенін де айтты.

– Дүние жүзінде атом станциялары көп – Франция, Америка, Жапония елі. Оларда алғашқы станциялардың құрылысы 1954 жылдардан басталып, әлі күнге дейін істеп келеді. Яғни, бұның бәрі алғашқы кезеңнің станциялары. Екінші кезең түрлі апаттың орын алғаны жасырын емес Ал, бізге ұсыныс жасап отырған станция – үшінші буын (поколение) плюс» деп аталады. Ол – таза әрі адамның әсерсіз автономды түрде жұмыс істейтін станция. Алаңдауға ешқандай негіз жоқ, – дейді.

P.S. Штаб мүшелері экологтармен кездескеннен кейін аймақтың зиялы қауым өкілдері «Достық» үйінде кездесті. Одан кейін студенттермен кездесу үшін Қарағанды зерттеу университетіне, «KamaTyresKZ» ЖШС және «QazTehna» ЖШС еңбек ұжымымен кездесу үшін Саран қаласына барып қайтты.

Сурет  
ұйымдастырушылардан

## ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

## Әуежайда жұмыс қызу

Балқаш қаласындағы әуежайдың іргетасы 1963 жылы қаланған. Әуежайдың аумағы 2000-ға жуық шаршы метрді құрайды. Қазіргі уақытта жүк пен жолаушыларды тексеру орны түгелдей қалыпқа келтірілуде. Маңызды нысанның бұл бөлігі кеңейтіліп, басты ғимаратқа қосылатын болады. Әуежайдың ішкі қабырғалары заман талабына сай жаңартылуда. Бұған қоса, ұшақтардың ұшу-қону жолдары қайта жөнделуде. Бүгінде жермен жүру жолын қайта құру жұмыстары жүріп жатыр. Бұл туралы Балқаш әуежайындағы жолдеу жұмыстарының барысын қадағалаушы облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшылығы құрылыс-монтаждау жұмыстарының барысын тексерді. Қазір жермен жүру жолының бетон жабының бірінші қабатын төсеу аяқталды. Жұмысшылар жермен жүру жолының бетонының жоғарғы екінші қабатын төсей бастады. Нысанға 25 арнайы техника мен

50 жұмысшы жұмылдырылды. Жұмыстар бекітілген кестеге сай келе жүргізіледі. Мердігерлік ұйымға тексеру қорытындысы бойынша тиісті тапсырмалар берілді, – деп хабарлады басқарма өкілдері.

Естеріңізге сала кетейік, жобаның жалпы құны 3,8 миллиард

тенгені құрайды. 2024 жылға 2,5 миллиард тенге бөлінді. Алдағы уақытта әуежай ғимаратын жаңғырту жоспарлануда. Сондай-ақ, арнайы көлік қызметінің ғимаратын салу қажет. Бұл жобаның құны – 576,5 миллион тенге. Әуежайды қайта құрылымдау жұмыстары – талап үдесіне сай жаңғыртуға сөзсіз септігін тигізеді дейді мамандар. Әрі шағын шаһарда әуе рейстерінің санын арттырып, туристерді көптеп тартуға мүмкіндік береді.

БАЛҚАШ



• РЕФЕРЕНДУМ – 2024

# Түпкі таңдауды халық жасайды

Қазақстанда АЭС құрылысын салу үшін құрылған Республикалық халықтық штабтың мүшелері 12 қыркүйекте облысымызда болып, Теміртау қаласы мен Бұқар жырау ауданының тұрғындарымен кездесіп, 6 қазанда өтетін жалпыұлттық референдум алдында түсіндіру, насихат жұмыстарын жүргізіп, жұртты толғаптырған сұрақтарға жауап берді. Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы 2 қыркүйекте Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында «Ел өміріндегі әрбір қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр стансасы туралы референдумға қатысты да солай болуы керек» деп, оны 6 қазанда өткізу жөніндегі Жарлығына қол қойған болатын. Міне, осыдан кейін Республикалық және оның жер-жерлердегі штабтары құрылып, АЭС құрылысына байланысты шешімдер қабылдауға байланысты қоғамдық диалог пен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында кездесулер, қоғамдық таңдаулар өткізіле бастаған.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл іс-шараларда халық оның жобасымен егжей-тегжейлі танысып, өз сауалдарын қойып, көңілдеріндегі күдік пен күмәнді сейілте алады. Нағыз демократияның бұл үлгісі азаматтардың өз позициясын білдіріп, дауыс беруіне жол ашып, барлық тараптардың мүдделерін есепке алатыны анық. Бірден ашып айтуымыз керек, бұл жолғы өңгіме АЭС-тің қай жерде және оны кімдер салатыны хаканда емес, оны салудың қажеттілігі төңірегінде өрбиді. Алдағы референдумның дауыс беру бюллетеніне енгізілген сұрақ та осы. Облысымызға келген Республикалық халықтық штабтың құрамында Парламент Мәжілісінің депутаттары Бауыржан Смағұлов, Азат Перуашев, Арман Қалықов, Никита Шаталов болса, оған аймағымызда аталған штабтың мүшесі, облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов, облыстық халықтық штаб басшысының орынбасары, облыстық мәслихаттың депутаты, «Ақжол» ҚДП облыстық бөлімшесінің төрағасы Ермек Әбділін, облыстық халықтық штабтың мүшелері Қадия Оспанова, Гүлсім Қожахметова, Айтбай Жұмағұлов, Меруеш Башай, Қарағанды облысы бойынша Кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов, «Ауыл» партиясы облыстық бөлімшесі төрағасының орынбасары Нұрлан Шахарбаев, АВАДАН ФС Президенті, Academy of Abadan Президенті Нұржан Қалтаев қосылды. Олар әуелі Теміртау қаласының

№4-емханасы ұжымымен жүздесті.

Мұнда жиын тізгінін Республикалық халықтық штаб мүшелерін бастап келген Бауыржан Смағұлов қолына алып, АЭС құрылысын салудың еліміз үшін өзектілігі мен маңыздылығына тоқталды. Ол өз сөзінде біздің елімізде атом электр стансасын салу үшін барлық алғышарттардың, яғни, уранның бай қоры, оны ұқсататын дамыған инфрақұрылымы, қуатты ғылыми базаның бар екендігін мәлімдеді. Оны салып, іске қосу энергия тапшылығын жойып, Тәуелсіз энергетикамызды қалыптастыратын айтты.

Мәселен, 2023 жылы Қазақстан Ресейден 100 миллиард теңгеге 3,4 миллиард кВт/сағат электр энергиясын сатып алынды. Оны белгіленген жоспардан артық сатып алса, құны екі есеге дейін өсіп, ол халық пен бизнеске теріс әсерін тигізуі мүмкін көрінеді. Елімізде жыл сайынғы тұтынатын электр энергиясы 3 пайызға артып, оны өндіретін көмір стансаларының 70 пайыз тозығы жеткен. Республикамыздың Энергетика министрлігінің болжамы бойынша 2035 жылы елімізде электр энергиясын тұтыну 152,4 миллиард кВт/сағатқа жетсе, қазіргі жұмыс істеп тұрған көмір стансаларының оның 135 миллиард кВт/сағатын өндіретін ғана қауқары бар.

Бүгінде энергияның жетіспеушілігі Ресейден 1 миллиард кВт/сағат сатып алумен жабылып, оған Қазақстан 20 миллиард теңге ақшаны артық төлеп отыр. Мұның өзі еліміздің басқаға энергиялық тәуелділігіне және энергия нарқы



ның қауіпсіздігі төмендеуіне әкеп соғады. Сондықтан, өзімізде АЭС салу, біріншіден, өсіп келе жатқан тұтыну мен генерация жабықтығының тозуынан болатын энергия тапшылығының орнын толтырып, екіншіден, тарифтердің өсуіне тосқауыл қойып, экологиялық жағдайды жақсартып, түптеп келгенде, көршілес энергия жеткізушілерге тәуелділіктен құтқарады. Ол салынып, іске қосылған күнде оның айналасында қаншама әлеуметтік-тұрмыстық нысандар бой көтеріп, жаңа жұмыс орындары ашылмақ. Республикалық халықтық штаб мүшесі, облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов өз кезегінде облысымыздағы жағдайдан хабар беріп, «Бүгінде Қарағанды облысында электр энергиясының тапшылығы байқалады. 2023 жылдың қорытыншысы бойынша ол 5 миллион кВт/сағаттан астам мөлшерді құрайды» дей келе, дәрігерлер қауымын «Өз азаматтарымыз бен болашақ ұрпақтарымызға көмектесетін прогресс пен технологияның пайдасына таңдау жасауға» шақырды.

Республикалық халықтық штаб мүшелерінің алғашқы кездесуін медициналық мекемеден бастауы тегін емес еді. Өйткені әлем жұртшылығы Чернобыль мен Фукусима атом электр стансаларындағы апатты оқиғаларды әлі ұмыта қойған

жөк. Оның үстіне 40 жылдай Семей ядролық полигонында жасалған жарылыстардан зәрепал болған қазақстандықтардың денсаулығына алаңдайтын да осы ақ халатты абзал жандар. Сол себепті өзі де дәрігер, медицина ғылымдарының докторы Қадия Оспанованың келтірген фактілері мен айтқан уәжі тыңдаушылардың құлағына жетіп, көкейіне қонды деуге болады.

«Медицина қызметкері ретінде мені бірінен бұрын АЭС қызметкерлерінің, сондай құрылыс аймағындағы халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі мазалайды. Бұл орайда АЭС құрылысының бастан аяқ Атом энергиясы жөніндегі Халықаралық агенттік (МАГАТЭ) мамандарының тұрақты бақылаумен жүргізілетіні сенім ұялатады. Сарапшылардың пікірінше, жаңа буындағы 3 және 3+ ядролық реактордың қорғаныс деңгейі өте жоғары. АЭС-тің жылдық радиациялық сәулелену мөлшері ұшақпен Нью Йорктен Лондонға дейін ұшқан сәттегідей 0,1 пайызды құраса, ТЭЦ-тердегі сәулелену одан 5-10 есе көп те, әлемде атом энергиясы «жасыл энергия» деп танылған. Ол әрі экологиялық таза, қоршаған ортаны парниктік газбен, күл-коқыс, лай сумен ластамайды, оның көпқабатты берік қорғаныс және автоматты суыту жүйелері бар. Себебі, атом

электр стансасы құнының 40 пайызы оның қауіпсіздік жүйесіне жұмсалып отыр» деді ол.

Ал, Азат Перуашев барлық шаруаны МАГАТЭ мамандары бақылайтындықтан 10-12 жылға көзделген станса құрылысына бөлінетін миллиардтаған ақшаның бір теңгесі беталды жұмсалмай, жемқорлық фактілеріне жол берілмейтінін, тиісті энергия қуаты болмайынша өндірісіміз өркендеп, инфрақұрылым да дамымайтынын, АЭС салудан бас тарту елімізді өткен ғасырлар қойнауына, қараңғылыққа жетелейтініне назар аударды.

«Бұл АЭС еліміздегі жаңартылған энергия көздерімен үйлесе дамып, энергия тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді» деп түйіндеді ол ойын. Алайда, жаңартылған энергия көздері (жел, күн энергиясы) ауа райына тәуелділіктен тұрақты бола алмайды. Сол сияқты экологиялық нормалардың қатаңдауынан көмірлі және газды генерацияның дамуын шектейді. Бұл жағдай энергияның жаңа және тұрақты көзіне қажеттілікті туындатады. Атом электр стансасын салу осы проблеманың шешімі болып табылады. Ол 60 жылдан астам уақыт елімізді тұрақты энергиямен жабдықтауға қабілетті. Оның жұмысы кезінде сыртқа ілеспе газдар таратылмайды. Оны салу энергетика және өнеркәсіп

өндірістерінің диверсификациялануына ықпал етіп, Қазақстанның энергетика секторына заманауи технологияларды енгізуге мүмкіндік береді. Ермек Әбділін де онкологиялық аурулардың дені көміртегінің залалынан екенін айтып, Қазақстанның өзіне 2060 жылға дейін оны бейтараптандыру міндеттемесін алғанын жеткізді.

Кездесуде емхана ұжымы атынан сөйлеген осы мекеменің директоры Алтынай Елеусізова, дәрігер Ұлжан Шахиева, медбике Берекес Есқұлова да ең бастысы адам өмірі қымбаттығын алға тартып, АЭС салынатын болса, өздерінің де қосымша жабдыктарды іске қосуға мүмкіндік алатындарына қуанып, әріптестерін референдумға бір кісідей қатысуға үндеді. Келесі кездесу Теміртау қаласының Жастар ресурстық орталығында облыс кәсіпкерлерімен өтті. Онда Нұржан Қалтаев өзі тұрып, фермерлікпен айналысатын Қарқаралы ауданындағы Қоянды ауылында электр жарығының кейде сағаттап болмайтынын, 21 ғасырда бұлайша түнде өмір сүру ұят екенін мысалға келтірді. Теміртаулық кәсіпкер Наталья Арыстанова да оны қолдап, шағын және орта бизнес өкілдерінің кеңінен көсілуіне қуат көздерінің жетпейтінін тілге тиек етті. Кәсіпкерлер алдында Арман Қалықов, Никита Шаталов, Меруеш Башай, Нұрлан Шахарбаев, Қарағанды индустриалдық университетінің ректоры Болат Жәутіков сөйлеп, АЭС салу ісін қолдау жөніндегі ойларын ортаға салды.

Одан әрі түсіндіру, насихат тобы Бұқар жырау ауданының Қарақұдық және Ботақара ауылдарында болып, жұртшылықпен жүздесті. Ауыл тұрғындары бұл кездесулерде өздерін алаңдатқан сұрақтарға орнықты жауап алып, дауыс беруге жаппай келетін болып тарасты.

Бұқар жырау ауданының мәслихатының төрағасы Асхат Әли мен аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Төкен Арбабаев өз сөздерінде ел атынан алғыстарын білдіріп, болашақ, АЭС-тің қауіпсіз болуын тіледі. Барша қазақстандықтардың да ой-арманы осы бола-сіре.

Суретті түсірген  
Александр МАРЧЕНКО

• АЭС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

## Адамзат баласы атомға мұқтаж

(Соңы. Басы 1-бетте).

Содан бері қаншама мыңжылдықтар өтті. Адам баласы басынан негүрлі сұмдықты өткерді. Жылқыны қолға үйретіп, әбзелдерін жасады. Садақ, бумеранг, дөңгелек... Өз нәсілінің тіршілігі үшін қандай қадамға бармады, не ойлап таппады. Бір кезінде жыртқыштан қашқан адам бір-бірін жоя бастады. Қаншама дәуір бойы адам мен адам соғысып келеді.

Ал, өткен ғасырдың алғашқы ширегінде адамзаттың өміріне темірден жасалған технологиялар араласа бастады. Яғни, поезд, автокөлік, ұшақ пайда болды. Алғашқы көлік құралы болған жылқыдан бастап ұшаққа дейін... Осы кезеңге өндірістік революция деген атау берілді. Бұл – адам баласының қаншама ғасырлар бойы сүріп келе жатқан өмір салтына жасалған революция болса керек. Бірақ, асыра сілтеп жібердік. Атом қаруы бірнеше рет пайдаланылды. Тірлігіме сән беремін деп қоршаған ортаға зиян келтіре бастады. Су тартылып, ну қурады. Ауа ластанды. Табиғат анының жанына темірден шеге қакты. Катаклизмнің аз-ақ алдында тұрмыз дейді экологтар.

Адамзат баласы өзінің небылықтырып қойғанын түсінгендей. Алып зауыттар мен ірі мегаполистерден бөлінетін зиянды қалдықтар ауаны жылытып, солтүстіктегі мұз тауларды ерітуде. Орташа жаһандық температура өсуі жалғастыруда. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның (ДМУ) мәліметтері бойынша, кейінгі он жыл метеорологиялық бақылау тарихындағы ең жылы болған. Температураның жоғарылауы көбінесе көмірқышқыл газы (СО<sub>2</sub>) және метан (СН<sub>4</sub>) сияқты атмосферадағы парниктік газдар концентрациясының жоғарылауымен байланысты.

Температураның өзгеруі экожүйеге әсер етіп жатыр. Климатқа, қоршаған ортаға келтіріліп жатқан зиянды қалдықтардың мөлшерін күрт азайту. Атом электр станциясы ауадай қажет деп жүрген ғалымдардың көкесегі – осы. Мәселе біз ойлағаннан да күрделі. Физика-математика ғылымдарының кандидаты, ядролық физика институты бас директорының орынбасары Евгений Ермаков – осы тақырып төңірегінде түрлі сұхбаттар беріп, дабыл қағып жүрген эколог. Ол мәселені ашып айтты.



Сурет ашық дереккөзінен

– Елімізде көмір мен газдан электр қуатын өндіретін станциялар ауаға өте көп мөлшерде парниктік газ бөледі. Әлгі станциялар кейінгі 60 жыл ішінде шамамен 7 млрд. тонна зиянды қалдық бөлді. Көмірдің күлі де ешқайда жоғалған жоқ. Күл әр жерде тау-тау болып үйіліп жатыр. Содан да табиғатқа теріс әсерін беретін түрлі элементтер шығады. 60 жыл ішінде шамамен 7 мың тонна күл жиналып. Енді ойланп көріңіздер. Біз жер анаға, қоршаған ортаға қандай қиянат жасап жатырмыз деген сауал әр сана-

лы азаматты мазалауы тиіс. Ал, атом электр станциясына көшкен жағдайда, ахуал әлдеқайда жақсаратынына кепілдік беремін. АЭС-те мұндай қалдықтар болмайды. Мүлде қалдық болмайды дегеннен аулақпыз. Әлбетте, жиналады. Бірақ, ескі станциялардағы қалдықтардан екі есе аз. Бастысы – қауіпсіздік үшін жасақталған арнайы орындарда ғана сақталады және үнемі қатаң бақылау жүргізіледі. Манайына зиян бермейді. Сонымен қатар, әлгі қалдықтарды қайта өңдеп, тағы да қуат алуға мүмкіндік бар. Бұл күнде осының бәрін жүзеге асыратын озық технологиялар жетіп артылады. Қолданысқа енген. Мұның бәрі экологияға оң әсерін тигізеді, – деді Евгений Ермаков.

### Сіз бен біз – электр қуаты дәуірінің өкіліміз

Жаңа ғасыр адамының электр қуатынсыз күні қараң. Күнделікті жейтін

азықтың өзі сол электр қуатымен әзірленеді емес пе? Көпқабатты үйлерде пеш жаға алмайсыз. Мынау жалпақ жаһаннан хабар беріп, көзіңді ашып отырған теледидарыңыз да, смартфон, компьютеріңіз де, үйіңізді қарнағы түнде жарық еткен қарапайым жарығыңыз да, бәрі-бәрі осы қуатқа тәуелді. Тіпті, автокөліктеріңіз де жанармайсыз жүретін болып жатыр. Тас, қола, темір дәуірі дегендей, сіз бен біз электр қуаты дәуірінің өкілдеріміз. Бұл дәуірде әлбетте электр қуатына деген қажеттілік бар. Технологияны игеруге икемделген мемлекеттер дәл осы қажеттіліктен атом электр станциясын ойлап тапқан.

Бүгінде атом электр станциялары бүкіл әлем бойынша электр энергиясын өндіруде маңызды рөл атқарады. Олар тұтынылатын электр энергиясының айтарлықтай үлесін қамтамасыз етеді.

Енді, атом электр станциясының нақты артықшылықтарына тоқталай-

ық. Біріншіден – атом электр станциялары энергия өндіру процесінде көмірқышқыл газын шығармайды. Бұл – жаһандық жылынумен күресуде маңызды рөл атқармақ. Екіншіден – атом электр станциялары көмір, немесе, газ станцияларымен салыстырғанда отынның аз мөлшерімен көп мөлшерде энергия өндіре алады. Үшіншіден – атом электр станциялары бірнеше ондаған жылдар бойы жұмыс істеуге мүмкіндігі жетеді. Бұл – энергиямен жабдықтаудың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Төртіншіден – атом станциялары күн, немесе, жел электр станцияларынан әлдеқайда тиімді. Себебі, ауа-райына тәуелді емес.

Ғаламтор желісіндегі әлемдік ақпарат сайттарына сүйенсек, жер шарында 32 мемлекет осы атом электр станцияларының шарапатын көріп отыр. Көрші отырған Қытайда 60 атомдық реакторға қосылған 23 атом электр станциясы бар екен. Келешекте санын көбейтуді жоспарлап отыр көршілер. Қытайдың атом энергетикасы саласындағы бағдарламасы әлемдегі ең күрделі бағдарламалардың бірі болып табылады. Себебі, ел электр энергиясын өсіп келе жатқан атом электр станциясына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру және көмір мен басқа да қазба отындарына тәуелділікті азайту үшін жаңа реакторлар салуды жалғастыруға ниетті. Ал, солтүстіктегі Ресейде қуат көзіне

айналып отырған 39 атом станциясы жұмыс істеп тұр. Олар, тіпті, су үстіне салуды да жоспарлап қойған. Станцияға «Академик Ломоносов» деген атау қойып үлгерген.

Мамандар атом электр станцияларының болашағына болжам да жасап отырғанда отынның аз мөлшерімен дағы заманауи зерттеулер жылдам нейтронды реакторлар, модульдік реакторлар және сұйық металл реакторлары сияқты қауіпсіз және тиімді технологияларды дамытуға бағытталған.

Қазақстанға оралсақ. Қазақстан көмір мен мұнай сияқты қазба отындарының мол қорына ие. Негізінен электр энергиясын өндіру үшін көмірді пайдаланады. Дегенмен, соңғы жылдары электр қуатына деген сұраныстың өсуі байқалды. Бұл болашақ қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін тұрақты шешімдерді табуы талап етіп отыр.

Қазақстанның атом энергетикасы саласында, соның ішінде атом реакторлары үшін негізгі отын болып табылатын уран өндіруде біраз тәжірибесі бар. Бұл тәжірибе атом электр станцияларын жобалау және пайдалану кезінде пайдалы болуы мүмкін. Дегенмен, атом энергиясын тиімді пайдалану үшін техникалық және ғылыми базаның жоғары деңгейін, сондай-ақ, қауіпсіздік жүйесін дамыту және қолдау қажет.

### Түйін

Адамзаттың қоршаған ортасы нендей халге жеткенін айттық. Ластанған ауа, кірлеген су адамның генетикасын өзгертіп жатыр. Белсіз ерлер, бала көтере алмайтын әйелдер жыл өткен сайын көбейіп келеді. Мүгедек, ақылында ауытқуы бар балалар да аз емес. Шала тұғандар қаншама. Көмір қазамыз, газ өндіреміз деп жер анының кеудесін қаңыраттық, атмосфераны түншықтырдық. Жалпы айтқанда, кері кетіп барамыз. Енді, ойланпңыз, құрметті оқырман. Көмір де, газ да таусылар. Мына жалғанда шексіз ештеңе жоқ. Осының бәрін ой елегінен өткізіп қарасаныз, түптің-түбі жер шарының халқы осы атом электр станциясына бет бұратынын түсінерсіз. Бәрі – қажеттіліктен...





• НАРМАНБЕТ ОРМАНБЕТҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 165 ЖЫЛ

## Заманынан озып туған

Нарманбет мұрасы толықтай зерттеліп, сараланды, ғылыми нәтижелер алға тартылып, тиісті қорытынды-тұжырымдар жасалды деп айтуға әлі ерте. Тіпті, ақынның 1939 жылы ғалым Е.Б.Смайыловтың шығармаларын жинақтап, кітап етіп шығарғаннан соң араға жарты ғасыр уақыт өткеннен соң ғана А.Туғанбаев, Н.Дулатбеков, Т.Жұртбай сынды ұлтжанды азаматтардың ыждаһат-тылығымен қайта қолға алынуы көп жайтты аңғартса керек. Міне, сондықтан да Нарманбет Орманбетұлының әдеби мұрасын зерттеп, ғылыми айналымға қосу, жаңаша көзқарас, тың пікір тұрғысынан бүкіл шығармаларына баға беріп, тиісті қорытынды-тұжырымдар жасау, ақын мұраларының танымдық, тағылымдық қырларымен қатар, көркемдік-эстетикалық өре-деңгейін айқындау, тұтастай алғанда, ірі ақынның бізге жеткен бүкіл көркем дүниелерін кешенді түрде зерттеу уақыт талабы ғана емес, егемен еліміздің алдыға қойған міндеті деп қабылдағанымыз жөн.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихындағы аса ірі ақын, философ-ойшы Нарманбет Орманбетұлының әдеби шығармашылығын сөз еткен Т.Ахметұлы, Е.Б.Смайылов, Б.Кенжебаев, А.Нұрқатов, Ы.Дүйсенбаев, А.Туғанбаев, Қ.Мұхамбетханов, Т.Жұртбайдың, Р.Сағынбекұлының, т.б. зерттеушілердің еңбектері Нарманбеттану іліміне қосылған ірі үлес деуіміз керек. Бірақ, олардың тұсындағы замана талабы, уақыт тынысы, салтанат құрып тұрған идеология Нарманбеттей ірі тұлға туралы түбегейлі де кешенді, шыңғырған шындыққа негізделген саралы ой айтуға мүмкіндік бермегенін жадымыздан шығармағанымыз абзал. Өйткені әдебиет пен өнер бойынша 1930-1940 және 1950 жылдар басында қабылданған партиялық қаулы-қарарлар 1989 жылы ғана күшін жойған болатын. Аталған партиялық қаулы-қарарлардың күшін жоюы қазақ әдебиетінің тарихын ақиқат тұрғысынан жан-жақты зерттеуге жол ашты. Солардың қатарында ақын Нарманбет мұрасы да араға ұзақ жылдар салып туған халқымын қайта қауышты.

Нарманбет ақынның қалам ұстаған уақыты XIX соңы болғанымен, өндірте жазып, шығармашылық толысып, поэзиясының үлкен көркемдік бағыт алған мезгілі XX ғасырдың басы болып есептеледі. Сол уақыттағы, яғни, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар ақындар қатарында Н.Орманбетұлының шығармашылығы айрықша атаулы заңды.

Н.Орманбетұлы бұрынғы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысында (Қарағанды өңірінің Тоқырауын өзенінің бойындағы Саға жерінде) өмірге келді. Оның туған жылына қатысты деректер бірізді емес. Мысалы, Е.Б.Смайылов жарыққа шығарған «Нарманбеттің өлеңдері» атты кітаптың алғысөзінде ғалым ақын 1860 жылы туған деп көрсетеді. Ал 1998 жылы Нарманбет ақынның шығармаларын толықтырып құрастыруша Қазақстан Республикасы оқу ісінің озық қызметкері, жоғары дәрежелі мұғалім А.Туғанбаев «Ақынды көрген, одан сөз үй-

ренген қариялардың айтуына қарағанда Нарманбет 59 жасында 1918 жылы дүниеге салған. Бейітінің басына қойылған құлпытаста 1895 жылы туып, 1918 жылы өлді деп жазылған. Құлпытасты ақынмен көп жылдары қатар жүрген үзенгілес жолдасы, Ә.Бөкейхановтың туған інісі Смақан қария қойған. Сондықтан, біз осы деректерге сүйеніп, ақынды 1859 жылы тууды деп көрсеттік» деп жазады. А.Туғанбаев атап көрсеткеніндей, Смақан қария қойған құлпытастағы көрсетілген ақынның туған жылы оның өмірге келген уақытын айқындаудағы бірден-бір дұрыс дерек болып табылады. Оны Қарағанды өңірінен шыққан айтулы қоғам, әдебиет қайраткерлерінің өмірін тыңғылықты зерттеуші, өлкетанушы Ю.Попов деректері де растайды.

Туған халқының рухани мұрасынан нәр алып өскен Нарманбеттің ақындық тұлғасының қалыптасуына от ауызды, орақ тілді шешендігімен дүйім елге әйгілі болған әкесі Орманбеттің де ықпалы зор болды. Әке тәлім-тәрбиесіндегі болашақ ақын әуелі ауыл молдасынан сауатын ашады. «Болашақ ақын сегіз жасынан бастап сол кездегі дәстүр бойынша алғашқыда Түркиядан көшіп келіп, Орманбет ауылына тұрақтаған, аузынан дұға төгіліп, көріпкелдіктен ем жасайтын айтулы тұлға ғұлама Қари деген молданы ескіше, кейін ел аралап бала оқытып жүрген татар Шаяхметұлы Хасен деген жігіттен жаңаша сабақ алады. Екі үлкен молданың алдын көріп, мұсылманша жақсы сауат алуы шығыс классикасымен ерте танысып, одан нәр алуына, әдеби тілде жазылған қолжазба-көшірмелермен таныс болуына мүмкіндік жасайды».

1872-1918 жылдары Қарқаралыдағы екі кластық орыс мектебінде білім алады. 1939 жылы басылып шыққан «Нарманбет өлеңдері» атты кітаптың кіріспесінде ғалым Е.Б.Смайылов жазғандай: «Нарманбет 10 жасынан бастап Қарқаралы қаласындағы екі кластық орыс мектебіне түсіп оқиды, жас күнінен-ақ орысша оқи, жаза, сөйлей білетін білім алады, қалада оқып жүргенде, ел басқару ісіне байланысты орыстың оқыған адамдарымен жақындығы араласып, қарым-қатынасы күшті болады. Бертін келген кезде бірер жыл болыс болғанда дуанға, жоғарғы ұлықтарға жазылатын хаттарды, қатынастарды өзі орысша жазып отырған, хатшылық, переводшілік қызметтерін өзі атқарған».

Бұқар жырау, Дулат, Шортанбай сынды аулы ақындар мұрасынан сусындап өскен Нарманбеттің шығармашылық ізденісіне Абай поэзиясы айрықша әсер етеді. Ұлы ақын шығармаларын ынта қойып оқыған ол Абайдың ақындық дәстүрін тікелей бойына сіңіріп, ұлы сөз зергерінің әдеби мектебінің тағалымын алады.

Ол өзінің ұстазы Абай хәкімдей халықты оқу-білімге үндеді, патша өкіметінің отаршылдық саясатын, сол жүйеге малданған қазақ жандайшаптарының озбырлығын нысанаға алып әшкерелейді. Есейіп ел билігіне араласқан Нарманбет 1880 жылдардың аяқ шенінен бастап, сол кезде қазақ даласына кенінен тараған Абайдың озық ойлы поэзиясымен танысады. Міне, осы кезден бастап,



Абай өлеңдері ақынның қоғамға деген көзқарасын түбегейлі өзгертеді.

Сондықтан да, ақындық ізденісіндегі алғашқы белес саналатын 1886-1895 жылдар аралығында жазылған «Замана», «Патшаның тағы бір политикасы» өлеңдері Нарманбеттің азаматтық тұлғасының тұтас болмыс-бітімі туған халқының қайғы-қасіретімен, тағдырымен біте қайнаса қалыптасуы үстінде екенін көрсетеді.

Ал «Патшаның тағы бір политикасы» өлеңінде Ресей империясының орыстандыру, шокдандыру саясатын батыл да ашық әшкерелейді.

Оның болыстық қызметі халықтың береке-бірлігін сақтау, ел ішіндегі отаршылдықтан өрістей бастаған озбырлық пен паракорлықты ауыздықтау және әлеуметтің ғылым-білім жолымен дамуына ұйытқы болу сынды маңызды істермен сабақтас. Әсіресе, ел басқару жұмысында жүргенде ел ішіне дендей бастаған ұрлық, өтірік, паракорлыққа қатаң тыйым салып, балаларды оқыту, мектеп ашу ісіне айрықша көңіл бөледі.

Қоғамдық өмірге белсене араласқан Н.Орманбетұлы Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы халықтық үн көтерілген 1905 жылғы Қоянды жәрмеңесіндегі атакты Қарқаралы петициясына қатысушылардың бірі болды. «Патша өкіметі бұл ақияны барып тұрған саяси күрес деп тауып, жергілікті басқару органдарынан бақылауды күшейтуді талап етеді. Дала генерал-губернаторы хұзырхатты ұйымдастырған адамдарды анықтап, олардың үстінен іс қозғау жөнінде Қарқаралы уезінің бастығына нұсқау береді. Уез бастығы Оссовский өзінің тексеру жұмыстарының барысында хұзырхатты дайындағандардың басшылары Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев екендерін дәлелдеп, қазақ тілінен орыс тіліне аударған Т.Нұрқенов болғанын да анықтап, олардың үстінен іс қозғап, арттарынан андушылар қойды». Бұл жерде атакты Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылар Алаштың көсемдері, соның ішінде А.Байтұрсынов десек, халқымыздың қоғам және әдебиет қайраткері

Қарқаралыда бастапқыда сыныптық орыс-қазақ, кейін қалалық училищенің оқытушысы болғаны мәлім. Міне, Нарманбет ақын «Мектеп бастығына» өлеңінде А.Байтұрсыновтың ұлтты ағарту мен оқуындағы қызметін ерекше бағалап, халқымыздың отарлық қысымдағы мүшкіл халін жеткізеді.

М.Әуезов «Аханьның елу жылдық тойы» деген мақаласында «1905 жылы Қарқаралыда Аханмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген, ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші, жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған, екінші, қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші, отаршылдардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртының мұфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой айлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан, Ахандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан. Көпшіліктің оянуына себепші болған» деп жазғанындай сол оянаған ұлттық санаға серпін берушілердің қатарында Нарманбет те болды.

Н.Орманбетұлының қазақ халқының әлеуметтік өміріндегі аталған саяси маңызы зор іс-шараға қатысқаны жөнінде Қазақ Ғылым академиясы сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде мынадай құнды дерек бар: «...Осы кезде қазақ даласында қызу түрде ұлт қозғалысы басталды. Ұлтшыл оқығандардың басы қосылып, Қарқаралы уезінде бұл қозғалыс айқын және кең орын алды. Сол жылы Қоянды жәрмеңесінде ұлтшылдардың мың адам қол қойған талап-тілектеріне қызу араласты. Ол (Нарманбет) соған арнап бірнеше өлең жазды. «Мектеп бастығына» деген өлеңінде ақын өзінің таптасы А.Байтұрсыновтың ақын алдына ұлтшылдық пікірін жайып салды. Қарқаралы қозғалысының ұйытқысы болған Ахмет, Жақыттар жер аударылғанда шығарған өлеңі «Қазақтың жүруші еді қойдай бағып». Сонымен қатар Жақып Ақбайұлы екеуі «Алаш Орданың» сайлауын өткізуге бара жатып бір үйде шығарған өлеңі «Құрылтайға бара алмай құр қалмайық» деген және 1905 жылы «Жақыпқа» атты өлеңдері бар». Мұрағат құжатында кешегі таптық таным, идеологиялық көзқарас жатқанымен Алаш арыстары өмірінен құнды деректер табамыз. Мәселен, ақын 1905 жылы жазылған «Жақыпқа» деген өлеңінде: «Жатпадық су түбінде сәзден болып, Шықпадық бір күндерде даярия толып. Сұңқардай биік шыңды мекен қылмай, Сықылды болдық қарға ұшып-қонып. Біз болдық өнерімізді тауысқандай, Мерт болдық айға шауып арыстандай. Байғазыдай тауда жатып, тас жастанбай, Шықпадық көзге түстік сауысқандай» деп кен даланы ең жайлаған бейқам елдің мүшкіл халін айтып, берекесіз тіршіліктің мәңсіздігіне налиды. Тығырыққа тап болған халықты жарық болашаққа бастайтын ұлт зиялыларына, соның ішінде Ж.Ақбаевқа сенім артады.

Ақын 1906 жылы Семей қаласында өт-

кен Мемлекеттік Думаға депутаттыққа кандидат ұсыну жөніндегі жиына қатысса, 1907 жылы Семей облысының қазақтарынан Мемлекеттік Думаға сайланатын осы өңірдің сайлау жиналысының Қарқаралы уезі болыстығынан сайлаушысы да болып бекітіледі. Осындай әлеуметтік өмірге араласа жүріп, ақын патшаның отаршылдық саясаты қазақ халқын жерінен айыру, елдігін жою екенін терең ұғына бастайды. Ол «Сарыарқаға қарасақ», «Қазақ елі біз тұрмыз», «Шал қайғысы», «Ауыл қайғысы», «Бұл күнде байлар таыр, билер мекеме» өзге де саяси-әлеуметтік тақырыптағы өлеңдерінде өз көрінісін тапты. Сондықтан да оның поэзиясының негізгі арқауы – патшалық отарлық саясат озбырлығы, жер қайғысы, әлеуметтік теңсіздік, халық бостандығы болып келеді.

Міне, осы тұрғыдан алғанда ақын өз дәуірінің елдікпен сабақтас күрделі мәселелеріне сергек қарай отырып, әлеуметтік істерде де барынша белсенді болды. Мәселен, ел игілігі үшін, халқының рухани кемелденуі үшін ақ адал еңбегімен тапқан қаржысын аямаған атакты қазақ меценаты Есенқұл Маманов 1915 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Ашық хат, азаматтарға» мақаласында қазақ романдарына бәйге жариялағанын және сол шығармалардың әділ бағасын берушілер қатарында Нарманбет Орманбетұлы да атайды.

Есенқұл Мамановтың әлеумет мұңын жырлап, халық мүддесін көздеген Нарманбет ақынға деген ерекше ілтипатты десек, сонымен қатар Қазан төңкерісіне дейінгі ұлт баспасөзін ыждаһатты зерттеуші Ү.Субханбердина атап өткеніндей, Н.Орманбетұлы «Қазақ» газетіне хабар жазған, тілшілік міндет атқарған.

Соның ішінде Нарманбеттің «Қазақ» газетінің шығарушыларына жазған хаты да аса құнды мұра деуге болады.

Н.Орманбетұлының өміріндегі осындай маңызды оқиғаларды айта отырып, оның тұлғасын даралайтын ендігі бір атап өтер қасиет қазақ жерінің қазба байлығына байланысты барлау жұмыстарын жүргізу ісіне белсене араласуы. Ақын Солтүстік Балқаш өңірі тау байлығының терең білгірі ретінде аталған жерлердегі пайдалы қазбаларды барлауға рұқсат алу туралы Ресей патшалығының құзырлы орындарына, соның ішінде Томск Тау-кен басқармасына ресми өтініш береді. Бұған қатысты «Семипалатинские областные ведомости» газетінің 1903 жылғы 5 шілдедегі санында тың деректер беріліп, Томск Тау-кен басқармасы Нарманбеттің атап көрсеткен жерлерін барлауға рұқсат беретіні хабарланған. Осындай тың да соңғы деректер келтірген Ю.Попов осы мәселе геолог мамандар тарапынан жан-жақты зерттелуі керек деген пікір айтады. Шындығында, бұл мәселе терең қарастырылса, Н.Орманбетұлының осы істегі өзіндік қызметі айқындала түспек.

**Азат БАБАШОВ,**  
**филология ғылымдарының**  
**кандидаты**

*Сурет Н.Орманбетұлының ұрпағы Қасым Орынбетовтің жеке мұраатынан*

## Нарманбет – Абай ақындық мектебінің өкілі

Нарманбеттің шығармашылық ізденісінде, ақындық қуатының еселенуінде Абай дәстүрінің ықпалы болғаны сөзсіз. Абай дәстүрі өлеңдерінің көркемдік сипатына және өлеңнің құрылыс-үлгісіне, өлшем-өрнектерді түрлендіріп қолдануынан байқалады.

Ақын «Абаймен сөз жарыстыруында» Абайдың «Кемді күн қызық дәурен бозбалалық, Қартаймастай көрмелік, ойланалық. Жастықтықта бір күлгенің бір қаралық, Күлкі баққан бір көрер бейшаралық» өлең жолдарын өзінше былай түрлендіреді: Кемді күн қызық дәурен бозбалалық, Бозбалаға талап көп қозғаларлық. Басында тағылым алсаң, жақсыдан ал, Өр сөзден тиер пайда бір қаралық». Сонымен бірге, Нарманбет Абайдың:

«Нәпсі – жел, көңіл өзен толқын ұрған, Таулықсыз ақыл мақұл болмайды екен,

Ми – патша, ақыл – дария кеңес құрған.

Білмесен – құр суретсің бекер тұрған» – деген өлеңін:

«Сөз – самал, өлең – дария толқын ұрған,

Ми – патша, ақыл – уәзір кеңес құрған.

Ғылымсыз ақыл тауық болмайды екен Болмас – құр суретсің бекер тұрған» деп өзгерткен. Ақынның Абай сөздерін ұштай отырып, мағына жағынан тереңдетіп түскенін байқаймыз. Мұндай мысал ретінде «Сегіз аяқтағы»: «Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десен өзің біл» деген жолдардың Нарманбетте: «Толғауы тоқсан қызыл тіл, Өнерің болса сөйлен бақ, Есебің тауып сөйлесен, Күйлемекші көмей-жақ» деп берілуін келтіруге болады. Сонымен қатар, «жүректен у төгілмес», «божасқа надан түзелмес», «екі ұртының қаны бар» сияқты сөз тіркестері де Абай стилін аңғартады.

Нарманбет өз поэзиясына Абай өлеңдерінің көркемдік нәрін сіңіре отырып, жаңа түрлерін шеберлік қырына орай

ұтымды қолданған. «Ауыл қайғысы», «Кер заман», «Шал қайғысы», «Іпкімді құс», «Екі ғашық, қысқа таң», «Албырт жастық», «Толғаулы тоқсан қызыл тіл», «Мен бір аңқау пендемін», «Алыстан болжап, ақылмен толғап» атты өлеңдері Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің өрнегімен жазылған.

Ақынның «Кер заман», «Партия туралы» атты сатиралық сипаттағы өлеңдерінде троптық кекесін (ирония), мысқыл (сарказм) түрлері де қоғамды жайлаған әлеуметтік келеңсіздіктерді келемеждеу, әшкерлеу тұрғысынан жарасым тапқан. Абай поэзиясында сомдалған сатиралық образдың типтік үлгісі көрініс таппағанымен, шен-шекпен үшін ар-намысын ғана емес, елін сатқан екі жүзді озбырлардың мінезін, іс-әрекетін әшкерелеуде сатиралық сипатының астары қалың кекесін, мысқыл арқылы отаршылдық жүйені, оның сойылын соққандарды әшкерелейді.

Символмен, аллегориялық тұлпалмен өз дәуірінің аса өзекті мәселелерін суреткерлікпен береді. Бұған «Сақараға қарасақ», «Аждаһаның аузында», «Тілекті хаттың берген күн», «Қарағай мен қараған» өлеңдеріндегі ой мен образдың шеберлікпен ұштастыра берілуін нақты мысал тұрғысынан қарастыруға болады. Бейқам елдің қысымдағы мүшкіл халін айтып, отаршыл өктемдіктің озбырлығын жыртықшы қасқырдың балама бейнесінде астарлап, түспалдап жеткізеді. Мысалы, «Сақараға қарасақ – Жайылған қойдай халайық, Бейғамына қарасақ – Қасқыр жеуге ылайық». Енді бір өлеңінде отаршыл Ресей империясын аждаһа бейнесінде береді: «Аждаһаның аузында Айрылып қалдық қоныстан. Берекелі мизам шықпай тұр Әлі бізге орыстан».

Заман – қоғам – адам және осы үшеуінің сол кездегі жай-күйі де қос ақынды өз уақытында толғантпай қойған жоқ.

Жалқаулықтан, надандықтан шығар жол іздеген, кешкілдіктен көпшілікке шақырған Абай сонымен бірге:

Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлап, мал ізде.  
Адал бол – бай тап,  
Адам бол – мал тап,  
Қуансаң, қуан сол кезде.  
Біріңді, қазақ, бірің дос  
Көрмесен істің бәрі бос, – деп еңбекке, адалдық пен шаруақорлыққа шақырса, Нарманбет:

Бай болғанымыз келеді,  
Ниегті сөйтіп бөледі.  
Қолға келген мал да жоқ.  
Бек болғанымыз келеді  
Аттай көңіл желеді,  
Қазақ түгіл ханға жоқ, – деп заманындағы қалыптасқан психологияны шебер суреттеп, Абай ұстазы сияқты, елін «артына өрмек қалдыруға», жарық сәулелі шам жағуға үгіттейді.

Абай:  
Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық  
Аздырар адам баласын.  
Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
Қор болып, құрып барасын.  
Өтірік шағым толды ғой,  
Өкінер уақытың болды ғой, – десе, Нарманбет:

Адамға әбүйір мен бірлік керек,  
Ұят, нысап, намыс пен тірлік керек.  
Ғылым – білім, ілгері бірлесу ойла!  
Болмады тағдыр ісін қалай дерге,  
Ақ соқпақ адастырмас талай жерге.  
Жақсылар, істі түзет, жұртты күзет!  
Біріңді бірін шауып, талай берме! – деп елдесуге, бірігуге шақырады.

Сол кезеңдердегі енді-енді қанаттарын қомдап, жаңа өмірге жолдама алған жастардың әрекеті, мінез-құлқы, ала ауыздығы, бір-біріне қастығы, мейірімсіздігі ақын-дарды бей-жай қалдырмаған. Абай «Заман ақыр жастары» деген өлеңінде бұл туралы: Заман ақыр жастары

Қосылмас ешбір бастары  
Бір-біріне қастыққа  
Қойнына тыққан тастары.  
Саудасы – ар мен иманы,  
Қайрат жоқ бойын тыйғалы.  
Еңбекпен етті ауыртай,  
Құр тілменен жиганы.  
Өнімсіз өскен шеп-шебер  
Майданға түспей несі өнер.  
Сырша, тойса мас болаып,  
Өреге келіп сүйкелер, – десе, Нарманбет:  
О, бозбала, өнер-ғылым үйренбедің,  
Ел кезіп, өсек айтып сүйренбедің.  
Әрқайсың әр жұмысқа қылсаң талап,  
Сендерді құр нақақтан бүйдер ме едім.  
Жігіттер, ынталарың менікінде,  
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.  
Әр нәрсеңнің өзіндік есесі бар,  
Біреу сөйтіп жүрмесін сенікін де.  
Сендейлер төлп жатыр ел ішінде,  
Еңбегіңнің көрмейтін жемісін де.  
Көше таптап, ел ақтап күнелтіп жүр,  
Балық, бақа шөлдей ме көл ішінде, – деп заманының болашағы – жастарға налиды. Бұл өмірдің бес күндік екенін, сыналар сат жеткенде, қапы қалмауларына ескертеді.

Нарманбет ақын да жастық шақты бос өткізбе, көзің ашық, көңілің сергек кезде баянсыз өміріңді өткізіп алма деп насихат айтады. Ішпей ме, жемей тоқ болып жүрген қайран жастығында артына үлгі болар еңбек етпесең, өміріңнің алды тұшы, арты кермек таптып, құмға сіңген судай жоғаласың дейді. Абайдың «Ойын – арзан, күлкі – қымбат» идеясын Нарманбет: Жаман тату қазады өзіне ор,  
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.  
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,  
Өзі зордың болады ығы да зор, – деген моральдық-дидактикалық сарынмен әрі қарай жалғастырады. Нарманбеттің де «Қанағат, рақым, шапағат, қайыр, ықсан» өлеңі Абайдың әйгілі «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңіндегі ойымен сабақтасып жатыр:

Қанағат, рақым, шапағат, қайыр ықсан,  
Бұл бесуеі жоқ жерде байлық дұшпан.  
Бақ-байлықтың қызығын көрем десен,  
Осы айтылған бесуеі ұстар тұтқан.

Мініп, киіп, ішіп, жеп қайыр істе!  
Ырзық, нәсіп өлшеулі, өмір ықшам,  
Сандық толы сары алтын – төрт түлік мал,

Қызықтырып алдайды, ол – бір мыстан.  
Тіпті орынына жұмсасасаң,  
Қайыры жоқ, бақ-байлық арға нұқсан.  
Көрмедім, естімедім бір адамды,  
Мініп, киіп, ішіп, жеп байлық тұтқан.  
Ақырында қылады жермен жексен.  
Үрістемдер жер бетін түгел жықсан,  
Осы айтылған сөзіміңіз бәрі ақиқат,  
Ерегіспей ақылмен түгел ұқсаң.  
Аз өмірге көп байлық таусылмайды,  
Дүние – сүйек, қажанға біз бір тышқан, – деп тартыпбастан талап қылуға үндейді. Өнер-ғылымды меңгерудің басы – жас баланы оқыту, тәрбиелеуден басталатынын ашып көрсетеді. Көптеген шығармаларында Абай ұстазы сияқты қазақ балаларының жас ғұмырының оқумен емес, бос өтіп бара жатқанын ашына жазып, шала оқу мен қысқартылып кеткен өміріне қаншалықты зиянды әсер ететінін терең суреттейді.

Нарманбет поэзиясын ұлы Абай дәстүрімен тамырластырып, үндестіріп, сабақтастырып жатқан ең негізгі нәрсе – ондағы өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды шынайы, әрі сыншылықпен бейнелейтін реалистік тәсіл. Қос ақынның да творчествосында өз кезеңдеріндегі қазақ даласының саяси-экономикалық және әлеуметтік шындығын, бейнесі айқын көрінеді. Қазақтың поэзиясында Абай салған сыншыл реализмнің кергесін кеңейтуде, Абай мектебін шығып, дәстүрлі үрдісті жалғастыруда Нарманбеттің орны ерекше.

**Жансая ЖАРЫЛҒАПОВ,**  
**филология ғылымдарының**  
**докторы, профессор**



## Руханият ордасы

Кітапханалар – бүкіл адамзат мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі. Кітапханасыз білімді жетілдіріп, зияткерлік байлық пен жинақталған адамзат тәжірибесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу мүмкін болмас еді.

Кітапханалар әдебиеттің, тарихтың және мәдениеттің қазынасына жол ашып, рухани байлықты дамытуға үлес қосып келеді. Олар адамдардың бойында ізгілік асыл қасиетті, патриотизм мен туған жерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге ықпал етіп, игі істердің ұйытқысы болуда.

Қарағанды қаласының құрдасы – Н.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы әрқашан кітап мұраларын жинақтаушы әрі сақтаушы, ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуші руханият ордасы.

Кітапхана өзінің 90 жылдық тарихында әлеуметтік-мәдени, ақпараттық және білім беру орталығы ретіндегі міндетін лайықты атқарып келеді деп нық сеніммен айтуға болады. Облыс тұрғындарына заманауи кітапханалық-ақпараттық қызметтердің толық кешенін, оның ішінде цифрлық технологияларды ұсына отырып, ақпараттық сұранысты жоғары деңгейде орындауда. Оның облыстық орталық кітапханасы ретінде атқаратын міндеті зор. Жаңа ақпараттық кеңістікті құруға белсене қатысып, өңірлік кітапхана саясатын қалыптастырумен кәсіби құзыреттілікті арттырудың тиімді жүйесін құруда.

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың еңбек ұжымын 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын.

Сіздерге жарқын бастамалар мен оқырман қауымға қызықты жаңа жобаларды іске асыруды тілеймін. Өркеніет құндылығын қастерлейтін елеулі еңбектеріңіз әрқашан қоғамда құрметке бөленіп, халықтың жүрегінен лайықты бағасын ала берсін! Алдағы уақытта да еңбекорлық пен жоғары кәсіби біліктіліктіңіз аймақтың зияткерлік және мәдени әлеуетін сақтау мен арттыруға айтарлықтай үлес қоса беруді деп сенемін.

Қаламыздағы руханият ордасының 90 жылдық торқалы тойы құтты болсын!

**Еркебұлан ЖҰМАКЕНОВ,**  
облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы

## Бізді азамат еткен – кітапхана

**Көрнекті қазақ жазушысы Әбіш Кекілбаев: «Адамды азамат еткен кітап, адамзат еткен – кітапхана» десе, мен «Бізді азамат етіп шығарған да – кітапхана» деп қосар едім.**

Мен 1959 жылдың күз айында Қарағандыдағы №2 казак мектеп-интернатының 8-сыныбына оқуға түскенде Ленин көшесінің екінші жағында бүгінде құрылғанына 90 жыл толғалы отырған Н. Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана орналасқан еді. Бізді бала деп бетіміден қаққан жоқ. Оқырманы боп жазылып, түрлі әдебиетпен таныса бастадық. Сол кездегі «Октябрь» кинотеатры (қазіргі «Шалқыма» концерт залы) алдындағы скверде витриналар қатары болатын. Содан тәуліктің кез келген уақытында одақтық «Правда», «Известия», «Труд» газеттерін, республикалық және өзіміздің облыстық «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» басылмаларын оқып тұрушы едік. Біздің сыныптағы ер балалардың басым көпшілігі шахмат өнерімен әуестеніп, мен біраз тәуір нәтижелерге жеткендіктен, арнайы әдебиеттер іздей бастадым. Керегімді осы кітапханадан таптым. Бірақ жаңағы витринадағы газеттердің де пайдасы зор болды. Неге дейсіздер ғой?

1960, 1961 жылдары шахматтан әлем чемпионы атағы үшін совет гроссмейстерлері Ботвинник пен Таль арасында екі матч және 1963 жылы Ботвинник пен Петросян арасында жекпе-жек болып өтті. Одақтық газеттер олардың партияларын жедел жариялап, комментарий беріп жататын. Қызыға қараймын, кейде жыртып алып, интернатқа әкеліп, өзімше талдаймын.

Кітапхананың, оның мерзімді баспасөз және өлкетану бөлімдерімен байланысым газет редакциясында қызмет істеген жылдары өте тығыз болды. Сол жылдары кітапхананың әмбебап қызметінің маң-жайын да ұға бастадым. Газетке материал дайындау барысында болашақ кейіпкерің немесе жазайын деген нысан туралы бұрын не жазылды екен, сонымен танысу қажет болады. Осы жерде библиографияның көмегі орасан зор екен. Сол кездегі колмен толтырылған картотекарлардың өзі неге тұрушы еді?! Ал қазіргі оқырманға, газет-журнал тілшісі мен диссертация қорғаймын деген ізденушіге кітапхананың электронды каталогы баға жетпес темірқазық емес пе? Сол каталогты жасаған оқырмандар дән риза шығар.

Кітапхана мен оның өлкетану бөлімі маған әсіресе «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедияларын (1986, 2008 жж. – орыс тілінде; 1990, 2006 жж. – қазақ тілінде) шығару барысында зор көмек көрсетті. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттарын, Қазақ КСР-інің Құрметті атактары алған азаматтардың тізімін жасау қияметтің қияметі болды. Облы-

стық архивтен, кәсіпорындар мен мекемелерден сұратқан едік, бірақ ешқайсысында толық мәлімет болмай шықты. Сондықтан мерзімді баспасөз беттерінен, «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомосты» деген ресми ведомстволық журналдан іздедік. Оның өзі бізде (облыстық және ҚарМУ кітапханасында) түгел болмай шығып, Алматының бірнеше кітапханасынан іздеуге тура келді. Оларды іздеу барысында өлкетану бөлімі жалғыз маған ғана жұмыс істеді. Бөлім іші газет-журналдардың тігінділеріне аузы-мұрны лық толды. Ешкім қабақ шытқан жоқ. Бөлім меңгерушісі марқұм Галина Петровна Долженко сонда «Аман Жағданович заповонил весь отдел» деп айтыпты.

Энциклопедияның кейінгі басылымдарын шығарғанда да бұл бөлімнің пайдасын көрдік. Өйткені әр басылым сайын өзгерістер мен толықтырулар немесе түзетулер енгізіп отырдық.

Мұнан кейін де кітапханамен, оның бөлімдерімен байланысым үзілген жоқ. Жұрт мені танымал журналист, өлкетанушы, тіпті, энциклопедист деп атап кетті. Жалғыз «гоголевка» емес, басқа кітапханаларда үнемі шараларға шақырады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлына, «Мәңгілік өмірді» жырлаған Саттар Ерубасева, шежіре жазушы Жайық Бектұрған, үзегілес журналист Марал Хасенов, Сүйіндік Жанысбай, тағы басқаларға арналған кештерде сөз сөйледім, олар таспаға жазылып, кітапхананың алтын қорында сақталып қалған шығар.

Өлкетану әдебиеттері бөлімінің басшысы Сандуғаш Орынбайқызы қояр да қоймай жүріп менің өзім туралы бір-екі сюжет жазып алды.

Әлі күнге дейін тарихи тақырыпқа мақала жазар алдында Гоголь кітапханасына бір кіріп шығып, электронды каталогын шолып шығу, қажет болса шаң басқан газет тігінділеріне тапсырыс беру қанға сіңген әдет болып кетті. Кітапханашы қыздар сондай әдепті, іздеген әдебиетті қолма-қол, тауып береді. Сол үшін рахметімді жаудырып жатамын.

Айтпақшы, кітапхана әкімшілігі маған бұдан бірнеше жыл бұрын ерекше жасалған №3732 «Құрметті оқырман билетін» толтырып берді. Сонда оқырманы болғаныма табына күркетей 60 жыл толған екен. Кітапхана дәлізінен өткенде соны көрсетсем болады, қыздарым тік тұрып сәлем береді. Мәз болып қалам.

Құтты болсын мерейтойың, сүйікті кітапханам!

**Аман ЖАНҒОЖИН,**  
Қазақстанның  
Құрметті журналисі

# Мамандыққа адал жандар

Мамандықты дұрыс тандап, жұмысына шын берілген, оның қыр-сырына тереңірек үніле білетін жандарды көргенде, қуанамын. Кешілер өлкесінің рухани ордасы – Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада Айнуір Шаймұханбетова бастап, Гауһар Умбединова қоштаған іргелі ұжымда осындай мамандығына адал жандар жұмыс істейді. Токсан жылдық тарихы бар кітапханада мыңдаған оқырманға қызмет көрсеткен кітапханашылардың еңбегі ерен.

Менде де басында «Кітапхана – кітап алатын орын» деген ұғым болды. «Өз мамандығым бойынша жұмыс тапқанша жүре тұрайын» деп келдім. Ал, қазір осы рухани ордада жұмыс істеп жүргеніме жиырма жыл болыпты. Себебі, осы салаға қызықтыра білген, дұрыс жолды көрсете білген жақсы адамдар кездесті. Кітапханашының қажырлы еңбегі жайында өз білімдерім мен тәжірибелеріммен бөліскен Шолпан Баймурзина, Галина Долженко, Фания Тимершина, Валентина Иосифовна сынды білікті мамандарға алғысым шексіз. Олар – менің әрі ұстазым, әрі тәлімгерім.

Кітапханаға ұзақ жылдар басшылық еткен Жанна Шаймұханбетова рухани орданың ақпараттық және мәдени-ағарту орталығы ретінде беделін көтеріп, компьютерлендіру деңгейі бойынша республикадағы көшбасшылар қатарына қосқан. Үздік шетелдік кітапханаларда алған білімі мен дағдысын Қарағанды облысының кітапхана кеңістігінде сәтті жүзеге асырды.

Облыстық әмбебап ғылыми кітапханалар жұмысының негізгі бағыттарының бірі – өлкетану саласы. 1980 жылдары өлкетану секторынан бастау алған кітапханадағы өлкетану жұмысының статусы 1996 жылы белгіленген. Кітапханаға келгенімде осы өлкетану бөліміне қабылдандым. Мені осы бөлімнің меңгерушісі Г.Долженко қарсы алды. Оның кісінің маған көрсеткен әр қызметінің шынайлығының арқасында осы уақытқа дейін осы бөлімде қызмет етіп жүрмін.

Марқұм Галина Петровна – кітапханалық өлкетану жұмысына кәсіби тұрғыда ерекше көңіл бөлген жан. Ол кісінің авторлығымен «Облыстық кітапхана – аймақтық өлкетану орталығы» бағдарламасы даярланды. Қажырлы еңбегінің арқасында «Өлкетану» клубы құрылып, кітапхана өлкетанушылардың, ақын-жазушылардың, журналистердің, оқытушылардың, студенттердің кездесетін орнына айналды. Көптеген кітапханалық іс-шараның ұйымдастырылуына, кез келген адамның



бабын таба білген Галина Петровна «Оқырманның сұрағанын тез тауып берсе, жылы жүзбен оқырманға ерекше қызмет көрсетсе, нағыз кітапханашысың» – деген сөзі үнемі жазымда.

Сондай-ақ, кәсіби біліктілігім мен ұжымға сыйлы жандар Шол-

пан Сейітқалиқызы мен Фания Харисовнаның мен үшін орны бөлек. Бұл кісілерден көп нәрсе үйреніп, тәжірибем жетіле түсті.

Ағылшын-неміс тіліне жетік Шолпан Сейітқалиқызы кітапхананың шет тілдерін насихаттаумен, оқырмандарды әлемдік көркем мәдениет құндылығына баулуға, қазақтың рухани мұрасын дәріптеуге отыз бес жылын арнаған. 2000 жылдары Шолпан Сейітқалиқызының белсене араласуының арқасында «Ағылшын тілі мұғалімдері Ассоциациясының Орталығы» жобасы жасалып, нәтижесінде, «Сорос-Қазақстан» қорының грантын жеңіп алды. Ол – Қарағанды педагогикалық институтын ұзақ жыл басқарған Сейітқали Баймурзиннің қызы. Әке жолын лайықты жалғау деген – осы.

Кітапхананың негізгі мін-

детінің бірі – ғылыми-әдістемелік жұмысы. Кітапханамыздың облыс кітапханаларына әдістемелік көмек көрсететін кітапхананы дамыту бөлімі бүгінгі таңда республика кітапханалар арасында өте беделге ие. Бөлімнің танылған болуына 1996 жылдан 2013 жылға дейін бөлімді басқарған Ф.Тимершинаның еңбегі орасан. Фаина Харисовна «Атамекен», «Қазақ әдебиетінің әлемі», «Кітап қорының сақталуы» атты бағдарламалары мен «Кітапханаларды дамытуға 10 аймақтық орталық»,

«Ауыл энциклопедиясы» сияқты көптеген керемет жобаларды әдістемелік қызметтің даму бөліміне жаңа сапалы деңгейде көтеру жолында барлық мүмкіндіктерді пайдаланып іске асырып, табысты еңбек жасады.

Шын көңілмен, махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Сондай мамандығына адал жандардың бірі – Валентина Пак. Ол 1977 жылдан бастап осы кітапханада табан аудармастан еңбек етіп келеді.

Валентина Иосифовна – кітапханада әр жас маманға еңбек жолында кездескен қиындықтарды өткеруге, өзінің кеңесі мен қолдауын аямайтын ақжарқын жанның бірі.

Негізін кітапхананың бұрынғы басшысы Дина Аманжолова қалаған «Жыр-Жауһар» поэзия клубы бүгінде үлкен орталыққа айналған.

Кітапхананың «Karlib.kz» сайтының жөні бір бөлек...

Өзім қатарлы орта буын өкілдері мен жастар да қажырлы еңбек етуде. «Өнер әдебиеттері» бөлімінің басшысы Балжан Оспанқұлованы ерекше атап айтар едім.

Сындай білікті мамандарға қарап, қоғамда кітапханашы мамандығының беделі жоғарылап, мәртебелі мамандық ретінде танылады деп сенемін.

**Сандуғаш ТЕЛПЕКБАЕВА,**  
өлкетану әдебиеттері  
бөлімінің басшысы

## Бәрі де оралады

Елде Көмендір Абаков деген ағамыз болды. Ел тізгінін ұстаған азаматтардың бірі еді. Сол кісі денсаулығына байланысты қалаға көшетін болады. Содан баласына хабар жібереді. Көлік жібер деп. Баласы жібереді. Кешінде тосылы алады. Бір КамАЗ кітап дейді. Аман жақ, тағы жібереді. Тағы да кітап келіп тұр дейді...

Бұл – кітапқа деген кешегі күннің құрметі.

Сол құрметіміз әлі үзілген жоқ. Бала күніміздегі сыйлықтың үлкені кітап еді. Сегізінші мартта аналарымызға, әпке-қарындастарымызға кітап сыйлап жатушы едік. Кітап сыйлау бүгін де жалғасын табуда. Шақырған жерге кітаппен бару қазір үйреншікті көрініске айналды.

Кітапқа деген жаулық сонау тоқсаныншы жылдары келді. Ең масқарасы кітап, газет дегендер майлық орнына жүріп жатты. Одан да сорақысы кітап, газеттер кітапханаларда тұрғанның орнына дәретханаларда тұрды.

Тамызыққа қолданғандар еш қымсынбаушы еді. Одан кейінгі уақытта да кітаптың жайы мәз бола қойған жоқ. Ел артық кітаптары қояққа шығарып жатты. Ең құрығанда кітапханаларға

сыйлауды да білмеді ғой...

Ауылдық кітапханалардың есігінде қара құлыттар тұрды.

Бірақ әр нәрсенің қайыры бар емес пе?!

Соның бірі – кітапқа деген құрметіміз оралып жатыр!

Оралғаны сол, ел кітапханаға баратын болды. Үйіне кітап алдырып оқитындар шықты. Кітапханаға өз кітабымен баратындарды да көрдік.

Бұрынғы жұрт көшіп-қонғанда жиназдарын арқалап кетуші еді. Бүгінгі көшіп-қонушылар оларын тіпті, орындарынан қозғамайды.

Тегін кітап алмайтын қазақ баласы бүгінде сатып алатын болды. Кейінгі бір біз көрген жақсы үдеріс ел кітап іздеуді шығарды. Жақсы кітапты, әрине...

Ал жақсы кітап қашанда кітапханаларда болады ғой...Мен өзім жақсы білетін кітапханам – В.Гоголь атындағы Орталық кітапханам. Жақсы көретінім соншалық, мені осы оқу ордасына мыңдап кітап сыйлап жүрмін. Сыйлыққа қашанда жақсы нәрсе жүреді ғой... Жарты ғасырдан асып кетті – мен соның оқырманымын.

Түстеп айта алмай отырғаным атаулы нәмі жоқ. Осыған дейін Гоголь атындағы деп атаушы едік.



Қазір ресми құжаттарда болмаса жұрт Гоголь атауын аузына алмайды. Қасым Аманжолов атындағы атау да түрлі себептермен орнықпай қойды. «Ақселеу Сейдімбек атын берсек қалай болады?» деушілер де бар...

Анық нәрсесі – Орталық кітапханамыз.

Сол кітапханамыз өзінің тоқсан жылдығын атап өтіп жатыр. Той күнгі айтар сөзіміз...

Кітабы жарасқанымен, гимназия жараспай тұр.

Кітап та тірі ағза сынды ерек-

ше күтімді қажет етеді. Оқырман да бүгінде жаңа өріске шыққан. Шай ішіп отырып кітаппен сырласқысы келеді.

Сол қуанышты күніміз алыстасамаса екен дейміз! Жақсы күндерде кітапханаға деген мұнан да жоғары құрметіміз өз көрінісін табады деп ойлаймын.

**Төрехан МАЙБАС,**  
жазушы

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**





• ЖАЗУШЫ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 135 ЖЫЛ

# Жүсіпбектің ата-тегі жөнінде

Биыл күзде туғанына 135 жыл толатын Алаш арыстарының бірі, жазушы, драматург Жүсіпбек Аймауытовтың өмірбаянында жұртқа белгісіз жайттар жеткілікті. Сондықтан да, бүгінгі әңгімемізде оның шығармашылығы, қоғамдық қызметі емес, ата-тегі жөнінде сөз қылмақшымыз.


Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көзі қарақты оқырман бұған дейін Смағұл Сәдуақасовтың сұрауымен жазылған Жүсіпбектің анкеталық жауабында «1917 жылға дейін әкеміздің малы 6-7 қарадан асып көрген емес» деп жазып, өзін кедейдің баласы етіп көрсеткенін білуі тиіс. Оны солай жазуға итермелеген сол кезеңдегі саптыаяқтың сабынан қараған сұм заманның саясатының салдары, әрине. Әйтпесе, Жүсіпбектің жеті атасынан бері байлық пен билігі үзілмеген шыңыр бала, шұбар төс шонжарлардың, нағыз қарақөк дегдардың тұқымы екенін екінің бірі біле бермейді де.

Шежіре бойынша Жүсіпбек ежелден Баянауылдың Әулиелі Қызылтауын жайлаған қалың Арғын-Сүйіндіктің Күлік руына жатады. Кестемен ол былай болашақ келеді: Күлік – Өтепберлі – Ақыл – Бейбіт – Танапбай – Қуан – Дәндөбай – Аймауыт – Жүсіпбек. Енді осыған қарап, оның ата-тегін тарқатып, баяндауға көшелік.

Сүйіндік елі, соның ішінде Күліктер бұл байырғы мекенін 1652 жылы қалмақтармен болған жойқын шайқаста Салқам Жәңгір хан қаза тауып, қазақтар жағы жеңілген соң, еріксіз тастап кетеді. Содан олар Маңғыт аулеті билеген Бұхара хандығы аймағында жүз жылдай көшіп-қонып жүріп, тек 1741 жылы Баянауыл жерінде ақырғы Қалмаққырылған соғысы өткеннен кейін ғана атақонысқа оралған көрінеді. Бұл жайлы 1897 жылы патша үкіметі жасақтаған Ф.Щербинаның экспедициясы жасаған құжатта «Кулюк, сын Кулболды, родился и умер, по-видимому, в Сырдарийском крае...

На Кызылтавские горы пришли внуки Кулюка и расселились по разным местам гор...» деген мәлімет беріледі. Шындығында, Күліктерді атаменге немерелері емес, сол кездегі ру көсемдері, шөберелері Жаңабатұр би Шобалайұлы мен Бейбіт Ақылұлы бастап әкеліп, орналастырған. Осы жүз жылдай мерзімде бұрынғы Көктаудың аты да өзгеріп кеткен. Біреулер ойлағандай, ол «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы «Баянның аулы» болмай, қалмақ тіліндегі «Баян ола», яғни, «Бай тау» атауына ие болған. Онымен көршілес Ереймен атауы да солай. Қанжығалыларды қарт Бөтембай батыр осы араға бастап келгенде, оның қуыс-қойнауларында Уса мен Серен тайшыларға қарасты 10 мың үй қалмақ отырыпты. Қазақ қолы оларды туған жерден түре қуып, Алтай таудан әрі асырған соң ғана ел мен жер азат болған. Соған байланысты Мәшһүр Жүсіп жазбаларында «Құба қалмақтың Сарыарқа-



Сурет шығарушы: Ержан ИМАШ

мен қоштасуы» дейтін ұзақ жыр бар. Сонда олар «Үш атам күйеу болған жер, үш анам келін болған жер» деп егілсе, үш ұрпақ ауысқан жүз жылға сөйкес келеді.

Сонымен, Бұхараға ауып барған Күліктер де сол жақта өсіп-өніп, ен жайлап, емін-еркін көшіп-қонып жүреді. «Күліктен туған Өтепберліні жан білмейді, оның баласы Ақыл Жиделі Байсыннан құлпы (Жібек көген деген мағынада – автор) алып, өле-өлгенше байлығы үзілмей, күні бүгінгіше ұрпағына дейін келді. Молдабай қотанынан 5 мың тұяқ қой өргенін өз көзімен көрген кісі Мәшһүр Жүсіп» деп жазылғандай, Ақыл байдың онда дәулеті де, абырой-беделі де бір кісіден кем болмапты. Ал, өзінен туған Бейбіт сонау қиын-қыстау заманда қалың Күліктің тізгінін Жаңабатұр бимен қатар ұстап, елдің көшін атақонысқа қайта бұрып әкелген екі көсемінің бірі. Ол туралы да ел арасында әлі күнге айтылатын мынадай бір әңгіме бар: «Кенесарыға Сүйіндік елі «еремін» деп, ермеген соң, Кенесарыға біреу айтыпты «Сенімен бірге аууды Боштай (Баянауыл дуанының сол кездегі аға сұлтаны Боштай Тұрсынбаев – автор) ұнатпайды. Осыны естіген Кенесары Боштайға айтыпты:

– Елді кері тартып, «көшпе» деп, Кенесарыға ермей, сені тоқтады дейді. Кейінгі қара қазан, сары баланың қамы үшін орыстан іргені аулақ салып, жайлы қонысқа қарай көшуге басының бірі болады десе, тоқтауыңның мәнісі неде? – депті.

Боштай оған: – Алқақол сұлама, ақтабан шұбырындының жұтында Сүйіндік қырық ауыл екенбіз. Сыр бойынан Сарыарқаға қайта шұбырып көшкенде, барлық сауын деген мал көлікке жегіліп, Бейбітте қырық құлынды бие болып, қырық ауыл сол қырық биенің сүтін көжесіне қатып қылып, арып-ашып, осы отырған қонысқа келіп, қонысымыз ырымды болып, бас, мал бірдей өсіп, алдымызға бес мың жылқы іріп, іргесі құтты қоныс болғандықтан айтсам, айтқан шығармын алдағы жұмыс болжарусыз болғаннан соң, – деп жауап қайтарыпты.

Тар кезеңде ісі Сүйіндікке қамкор болған осы Бейбіт Жүсіпбек пен менің ортақ бабамыз. Ол Бейбіттің төртінші ұлы Та-

нашбайдан, ал, мен кенже ұлы Кұнтай биден тараймыз. Кейінгі екеуінің аты 1830-1868 жылдары патша өкіметі жасаған Баянауыл сыртқы округінің мыңнан астам жылқысы бар, елге ықпалы зор адамдардың тізіміндегі 37 кісімен қатар аталады. Мұндағы алпауыт байлар патшаға жасақ салығын (әр жүз жылқыдан бір жылқы – автор) аз төлеу үшін жарты жылқысын жасырып қалған күнін өзінде Кұнтай Бейбітөве 1600 жылқы, ағасы Танапбайдың балалары Қуан, Шеге, Төлемісте 1700 жылқы, сондай-ақ, Бейбіттің інісі Жапалақ билің балалары Бодан, Балтада 1700 жылқы бар екені тіркелген. Өйткені 17 мың жылқы біткен Қаржас Азынабай мен ұлдары Сейтен мен Тайжан бұл санақта 9 мың жылқысын ғана тізімдеткен ғой.

Танапбай айналасының байлығы жөнінде Мәшһүр тағы да былай деп жазады: «Әкесі Танапбай өлгенде, баласы Қуанда 300 қой бар екен. Бір жүзін сойып, әкесіне ас беріпті. Қалған екі жүз қойдың бәрі егіз тауып, Қуанға кейіннен 12 мың қойға дейін бітіпті деген сөз бар. Қуан балалары – Ордабай, Дәндөбай, Молдабай, Ноғай». Осында аталатын Ордабай ауылдарының жайлауға көшкендегі сән-салтанаты Жүсіпкеңнің «Күнікейдің жазығы» повесінде әдемі суреттелген. Бүгінде елімізге белгілі ақын, өлке-танушы, Ақмола облысы Ереймен таудандық «Ереймен елі» газетінің бас редакторы Сайлау Байбосынов сол Ордабайдың, ал, қазақтың тұңғыш сатиригі Қадір Тайшықов Ноғайдың шөберелері болып табылады.

Осындай аруақты аталарымыздың есімдерін жаңғыртып, есте қалдыру жолында Сайлау ағамыздың көп еңбектеніп, газет-журналдарға мақала жазып, кітап шығарып жүргенін айтуымыз керек. Іздеген адам оның 2016 жылы жарық көрген «Есімдері жүрсін деп ел есінде...» деген кітабынан мына жолдарды оқи алады: «Ал шындығын айтар болсақ, Жүсіпбектің атасы Дәндөбай Қуанұлы Қызылтау-Баянауыл төңірегіне белгілі, бір кісідей дәулетті бар, малды адам болған. Сонымен қатар Баянауыл сыртқы округі ашылған соң, талай жылдар Қызылтаудағы Ақыл-Бейбіт ауылдарының старшина міндетін атқарған. Ондай дерек

мұрағаттық құжаттарда да, ел ішіндегі ауызекі әңгімелерде де сақталған. Сол дәулеттің арқасы шығар, Дәндөбай 1858 жылдың 13 мамыры күні өзінің қыстауында ағаш үй салуға рұқсат сұрап, Омбыдағы генерал-губернатордың кеңесіне өтініш жазыпты. Облыстық басқарма Дәндөбай Қуанұлына Баянауыл орманынан 125 бөрене кесуге рұқсат беріп, оны қадағалауға округтік приказға нұсқау жібереді. (ҚР ОММ. 354-қор. 1-тізбе. 2096-іс). Егер ол кедей адам болса, ол кезде екінің бірінің қолынан келе бермейтін бұндай шаруаға бара бермейтіні белгілі.

«Жүсіпбек оқудан демалысқа келгенде, Дәндөбай ат шаптырып, той жасаушы еді» деп елдің үлкендері әңгімелеп отырады екен». (121-бет).

Сайлау ағамыз бұл кітабында 1897 жылы қазақ даласына барлау жасап, мал-жан-ның есебін алған Ф.Щербина экспедициясының мына жазбасында келтіреді: «Оймауыт (азан шақырып қойған аты – автор) Дәндөбайұлында 276 жылқы бар, оның 29-ы – бойдақ құнан-байтал, 28-і – құлың; 167 ірі қарасы бар, оның 50-і – құнаншығар, құнажын, 46-сы – бұзау; 43 түйесі бар, оның 7-сі – тайлақ, 12-сі – бота; 748 қойы, 52 ешкісі бар». Сәкең кітабында тағы да «Одан бөлек, тағы бір мұрағаттық деректер Оймауыт Дәндөбайұлы Тайшық Ноғавпен (өзінің аталас туысы) бірге 1889 жылдың тамызынан бастап Баянауыл сыртқы округіне қарасты Атағозы болысын басқарған. Ал, ол кезде кедей адам ешқашан болыс болып сайланбаған» деп те жазады. (122-бет).

Сол уақыттарда ауылдан алысқа ұзап шығып, қалалы жерде оқуға аудақты адамдардың балаларының ғана шамасы келген. Анығын айтқанда, 1914-1919 жылдары Семейдің мұғалімдер семинариясында Жүсіпбекпен бірге оқыған баянауылдың жерлестері Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар да сіңірі шыққан кедейдің балалары емес, қоры үзілмеген дәулетті атаның балалары болатын. Мәселен, Қаныш мыңды айдаған Сәтбайдың немересі болса, жоғарыдағы 1830-1868 жылы жасалған алпауыт байлардың тізімінде бар Әлкейдің бабасы Дулат Олжабайұлында 1 мың жылқы, Сұлтанмахмұттың атасы Әбет Торайғырұлында 1 мың жылқы, барлығы тіркелген. Ол заманда жылқысының санына қарай «бай» атанған. Ендеше, осыншама мал бұлар оқуға барғанша өсіп, көбеймесе, құрып кетті дегенге кім нана қояр?! Олар осы дәулеттің арқасында қала асып барып, білім алғандарына еш шүбә жоқ.

Мен бұл мақаламада Жүсіпбектің ата-бабасының байлығын мақтап отырған жоқпын. Мұны жазғандағы мақсатым да оның өмірбаянындағы ақтақтың орнын толтырып, оған болашақ зерттеушілердің назарын аудару еді.

Абай ауданы

• КЕЛБЕТ

# Алпыс екі тамыр

(Алақандай әссе)



Заманның запыранын зарлап та жырлаған, зерлеп те сырлаған, сөздің «жібек жібінен» «жыр-кесте» тоқыған ақиық ақын Дулат Бабатайұлының мынадай бір әдемі де әсерлі өлең жолдары бар:

Аяз қысса мүйізді,  
Мүйіз қысып тұқылды...  
Қанталаса тұқылды,  
Алпыс екі тамырын,  
Қаңсып қалған сықылды...

Алпыс екі тамыр... Сол алпыс екі тамырды иітіп, алпыс екінің жылы туған атан жілікті жігіттер биыл алпыс екіге келіп жатыр... Соның бірі... Әңгімені Дулаттан бастап едік, енді жайлап қана Дулатбековке көшелік. Иә, соның бірі – Нұрлан Дулатбеков! Заңгер заңгер. Зиялы зияткер. Ойлы оқымысты. Байсалды басшы. Даңқты доктор. Пайымды профессор. Абыройлы академик. Ақтоғайдың ардақтысы. Шеттің шандозы. Қарағандының қазағы.

Нүрекең туған бесінші мамыр баяғыда Баспасөз күні еді ғой. Содан ба, кейіпкеріміз әлі күнге дейін түрлі басылымдарға мақала жазып тұрғанды теріс көрмейді. Сондай-ақ, бұл күні әйгілі «Капиталдың» авторы Карл Маркс те дүние есігін ашқан. Нүрекең де қауға сақал Карл көкесі секілді баспасөзге жастайынан үйір болды. Жалпы, ол қай салаға да бейім екенін ерте байқапты. Депутат болып та көрді. Жекеменшік оқу орнына да жетекшілік етті. Мемлекеттік оқу орнының да тізгінін қолға алды. Қазір – қарға тамырлы қазақтың басын қосқан Қарағанды университетінің ректоры. Бөкетов атындағы қасиетті құтхананың бас иесі. Сыйлы. Сырбаз. Санаткер. Қадірлі. Қарғилез. Қайраткер. Кандидаттық және докторлық диссертацияларының салақұлаш сөйлемнен тұратын тақырыптарының мән-мазмұнын қысқаша түйіндесе, «Қылым пен жаза» дегенге жазды. Яғни, екі еңбегінің де арқауы – жаза белгілеу мәселесі. Нүрекеңнің жаза жайлы жазбалары қоғамның тынысын дөп басты. Тегінде, қылмыстан қашық, жаздан жырақ ізгі әлемді аңсайды біздің криминолог кейіпкеріміз.

Қаршадай ғана қарақанат бозбала кезінде кеншілер қаласына келіп, қолына қайласын ұстап, шахтаның шыңырауына түскен Жүмекен ақын:

Қарағанды бір қараған секілді,  
Күйе басқан кірпіктерің сәл ашып.  
Содан кейін менің қоңыр бетімді,  
Сүйді желі күн нұрымен таласып, – деп толғаған екен. Сол Жүмекен ағамыздың шабытын оятқан қазыналы Қарағандының кірпігіне күйе жұқтырмай, көшесіне кір шалдырмай, аялуысындай аялап жүрген ардақты азаматтар көп-ақ. Ілгеріде даңқты дәрігер, дилмар шешен Ғабдолла Құлқыбаев

біздің бағдарлауымызға берген бір сұхбатында «Әл-Фараби: «Егер қалада терең білімді, аса зиялы бір адам тұратын болса, ол қаланың бақытты шаһар екеніне дау жоқ» депті. Ал біздің Қарағандыны дәл сондай бір емес, екі адам мекендеді. Олар – Евней Бөкетов пен Жайық Бектұров. Демек, біздің Қарағанды екі есе бақытты», – деп еді...

Шынында да кеншілер қаласы – зиялылардан бағы жанған қала. Сол зерделі зиялының бірі – ғириятты ғалым, білікті басшы, зиятты заңгер Нұрлан Дулатбеков. Ақыл-ойдың алыбы Евней Бөкетов негізін қалған баршаға белгілі оқу орнының басшысы ретінде де, өз саласына жетік зерделі зерттеуші ретінде де өзіне жоғары талап қояды. Үемі ізденеді. Тыным таппайды. Ешқашан қол қусырып, қарап отырмайды. Біресе, өз отаны – Жапонияны жерсінбей, қазақ жұртына қайтып оралған Ақтастағы Ахикомен сырласып тұрады, біресе Сергей Есениннің бел баласы Александрды іздеп, АҚШ-қа жол тартып кетеді. Енді бірде тарихтың ақтандықтарын ақтарып, архивте жүреді. Тағы бірде қала қонақтарын іргедегі ҚарЛағқа бастап алып бара жатады. Қарағандыдағы ҚарЛаг музей-кешенінде одан көп болған адам жоқ шығар. Осымен нешінші рет бара жатыр екен сол ғимаратты? Бәлкім, жүзінші, бәлкім, мыңыншы...

Көп жылдан бері Алаш арыстарының мұрасын жан-жақты зерттеп келеді. Бұған сол дәуірдегі ел ардақтыларының біразының мандайығы заңгер екендігі де әсер етпей қойған жоқ. Заңгер ғалым заңгер тұлғалардың ғибратты ғұмырнамасы мен миятты мұрасын жеріне жеткізе зерделесе несі бар?!

Жауынгер жырау Доспанбеттің: Азаулыда аға болған ерлер көп еді,

Әйтсе де аламаға ат байлағаны жоқ еді, – деп келетін жорық жыры естеріңізде болар. Сол дүлдүл жырау айтқандай, өз жұртында аға болған Нүрекең аламаға ат байламаса да, биылғы көктемде алпыстың екеуіне кеп ат байлады!

Кезінде Жүмекен ақынның «Қарағанды қайнап жатыр, бір ыстық, бір керемет жүректердің күшімен» деп жырлағаны бәрімізге аян. Ендеше, Қарағандыны Жүмекен дәуірінен Нүрекең дәуіріне дейін бұрқарқ еткізіп қайнатып жатқан «әрі ыстық, әрі керемет» жүректердің бірі менің заңгер досымның кеудесінде соғып тұр...

\*\*\*  
Алпыс екі тамырыңыз жүрегіңіздің көзін ашып, санаңызды сәулелендіре түссін! Алтын тамыр... Жылы жүрек... Сергек сана... Мұның бәрі бар сізде! Соның қай-қайсысын да ұсыныңызда ұзағырақ ұстауға жазсын!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

• ДІН-ДІҢГЕК

## Дін мәселелері бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстары өтті

Қазіргі таңда интернеттегі әлеуметтік желілерден көптеген дүниелер табылады. Оның пайдасымен қатар зияны да қатар жүреді. Әсіресе, керемет дін ағымдардың идеологиясы өріп жүр. Осы орайда ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің арнайы жобасы аясында республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері Қарағанды облысының тұрғындармен бірқатар кездесулер өткізді. Кездесу барысында, Астана қаласының «Қоғамдық процестерді зерттеу және талдау орталығы» қоғамдық қорының жетекшісі Мұстафина Толғанай Вагизовна «Ин-

тернет желісіндегі күмәнді сайттардың қауіпін» тақырыбында семинар өткізіп, тыңдаушыларға деструктивті дін ағымдардың ықпалынан қалай аулақ болу керектігін түсіндірді, сондай-ақ бүгінде жастар арасында интернет желісіне тәуелділік артып отырған шақта дін экстремизм мен терроризм идеяларының әлеуметтік желілерде кеңінен насихатталуының алдын алу жолдарын да айтып өтті.

Дәріскер әлеуметтік желілерде ұлтаралық, дінаралық алауыздықты қоздыратын көшірме материалдардан аулақ болуды ескертті. Себебі, қазіргі теріс діни топтардың арғы жағында елді

бүлдіруге алып келе жатқан үлкен саясат жатыр. Интернет ресурстарында діни араздықты қоздыру, экстремизм мен терроризмді насихаттауға бағытталған ақпараттар жариялау Әкімшілік кодекстің 453-бабы бойынша жауапкершілікке тартылады. Аталмыш топ «Дін мен дәстүрдің қоғамдағы орны», «Рухани келісім – қоғамның басты құндылығы» тақырыптары аясында облыс көлемінде басқа да бірқатар кездесулер мен семинарлар өткізді.

Серик САКЕЕВ



• ЖОБА

## Beginit-пен көшбасшы болыңыз

Қазақстанда inDrive компаниясының халықаралық Beginit Central Asia жобасының жаңа маусымы басталады. Жоба Astana Hub халықаралық технопаркінің және iQanat қорының қолдауымен өткізіледі.

Қазақстанның 10 өңірін қамтитын ауқымды білім беру жобасында қатысушылар Beginit білім беру платформасында тегін оқудан өтіп, Алматыдағы көшбасшылық дағдыларды дамытуға арналған лагерьге қатысу және осы әлеуметтік жоба аясында тәжірибе жинау мүмкіндігіне ие болады. Жобаның іріктеу туры Қарағандыда 20 қыркүйекте өтеді. Сондай-ақ, Өскемен, Павлодар, Петропавл, Қостанай, Орал, Ақтөбе, Ақтау, Қызылорда, Тараз қалаларында және Қырғызстанның Қара-Балта, Шу облыстарында өз жалғасын табады.

Жобаға қатысу үшін бірнеше шартты орындау қажет. Мәселен, 10-сынып оқушысы болу, көрсетілген өңірлердің бірінде тұру, анкетаны дұрыс толтыру, іріктеуге қатысу үшін ата-анасының келісімін алу міндетті. Жобаға қатысушылар осы шарттарды орындап, Beginit-пен бірге жарқын болашаққа қадам басады.



Айта кету керек, жобаның іріктеу турына қатысқан оқушылар ғана келесі кезеңге жіберіледі. Іріктеуден өткен оқушылар қарашада Beginit платформасында оқуды бастайды. Ең үздік оқушылар 2025 жылдың наурызында Алматыда өтетін оқу лагеріне қатысып, көшбасшылық дағдыларды дамытуға арналған интенсивті тренингтерге қатысады. Оқу лагерінің қорытындысы бойынша, финалистер анықталып, олар 2025 жылдың сәуір-мамыр айларында өз әлеуметтік жобаларын жүзеге асырады. Жобаның финалы 2025 жылдың маусым айының басында Астанада өтеді.

Өткен маусымғы іріктеу турына Қазақстанның түпкір-түпкірінен 800-ден астам өтімін түскен. Финалда 37 оқушы анықталып, олардың ішінен шыққан 7 жеңімпаз шетелде оқу грантын, ҰБТ-ға дайындық курстарын және компьютерлер жеңіп алды. 18 қатысушы inDrive компаниясынан inVision U инновациялық университетіндегі Foundation Year бағдарламасына шақырту алды.

Бағдарлама қорытындысы бойынша 6 үздік қатысушы бағалы сыйлықтармен марапатталып, 20 финалисті inVision U университетінде тегін оқу мүмкіндігіне ие болды.

Аружан СЕРІКБАЙ

• Өңірлерді дамыту

## Кәсіпкерліктің өрісі кең

Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында бірқатар жұмыстар жүзеге асырылуда. Оның ішінде, Ақтоғай ауданының кәсіпкерлері елге қолайлы жағдай жасауда. Жақында белгілі кәсіпкер Әуелбек Қасымбековтің демешілігімен көпшілікке арналған «Ағасан» атты қоғамдық монша ашылды. Жаңа нысанның ашылу салтанатына қатысқан аудан әкімі Абылай Аманжолов тұрғындарды қуанышымен құттықтап, кәсіпкердің кәсібіне табыс тіледі.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақтоғай елінде бүгін ерекше жаңалық болып жатыр. Біздің елдің жанашыр азаматтары кәсіпкерлері ауданымызға қызмет көрсетуде. Ақтоғайлықтар кез келген істің көзін тауып, кәсібінен нәсіп тауып отыр. Бұл өз кезегінде ауданда кәсіпкерліктің кең өркен жайып, жұмыссыздардың санын азайтуға септігін тигізуде. Бүгін міне, біз сіздермен бірге Әуелбек Қасымбековтің өз қара-

жаты есебінен тұрғызған жаңа нысанның ашылуында бас қосып тұрмыз. Ерекше атап өтетін жайт – мұнда адамды жұмыспен қамтылып, ауданымызда жаңа нысанның бой көтеруі, – деді Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов.

Аудан тұрғындары моншаның ашылу рәсімінде халыққа қажетті нысан салған кәсіпкерге ризашылығын білдіріп, қариялар ақ батасын берді, ал ақ жаулықты аналар елдің амандығын тілеп, шашу шашты. Мұнан соң



жиналған жұрт жаңа нысанның жұмысымен танысты. Айта кетейік, заман талабына сай салынған қоғамдық монша 30 адамға арналған. Ақтоғай ауданы

• ТІЛ – ТҰҒЫР

## Тәрбие тілден басталады

Қазақстанның бүгінгі мақсаты – әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену. Ана тіліміздің өміршеңдігі тілімізге байланысты. Қазақ тілі болмаса, мәдениетімізді, қазақ халқының ұлттық үрдістерін білмей, құндылығымыз жоғалар еді. Не дұрыс, не бұрыс екенін білмей, ұлттық құндылықтарды сезіне алмай адасар едік.

Мәңгілік ел болу – ол біздің өз қолымызда екенін білгеніміз абзал. Мәңгілік сөзі ата-дәстүрімізден қалған кең-байтақ жеріміз, асыл қазынамыз және мемлекеттік тілімізбен байланысты. Қазақтың көрнекті жазушысы Ғ.Мүсіреповтің «Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың бағысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі» – деп айтуында терең ой жатыр.

Ана тілі – халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпақты біріктіретін көпір. «Өзінді ағалата алмасаң да, елінді табалатпа» демекші, тілін қастерлеген, тілін пір тұтқан қазақтың тілін басқа ұлт өкілдері де, мемлекеттік тілді үйрену қажет деп санайды.

Тіл – халықтың жаны, шамшырағы, қайнаған өмірдің сәні. Тіл – өткенімізден қалған асыл қазына. Бізге ата-бабамыздан қалған

асыл қазынасын сақтау, қастерлеу борыш. Тіл бізге бабаларымыздан қалған аманат екенін біле тұра сақтамау – қиянат!

Заман талабына сай үш тілді білу – болашақтың еншісі, ал, тілімізді құрметтеу, қастерлеу – білімділіктің ең басты факторы. Туған тілінде сөйлеу және оны сыйлаудан басталады. Бүгінде ана тіліміздің тұғыры биік. Өз ортасын қайта толтырып, мемлекеттік тіл дәрежесінде.

Бүгінгі күні қазақша сөйлейтін өзге ұлт өкілдері де көбеюде. Ұрпақ біздің «Мәңгілік елдің» тамырын тереңдетіп, қазығын бекіте түседі деп сеніммен айта аламыз. Мен Отанымды, Тәуелсіз Қазақстанымды, қасиетті де қастерлі мекенімді, болашағы айқын, келешегі жарқын тілімді мақтан етемін!

Мейрамгүл БЕКЕНОВА,  
№79 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

**Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР**

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүккөліктері үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

Қарағанды қ. қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1  
тел. 8 707 80 35 800

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 0,689 % участников КТ. Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул. Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!

«Банк ЦентрКредит» АҚ

кепіл мүлкін сату бойынша ағылшын әдісімен сауда-саттық өткізеді

Р/н №	Объектінің атауы	Орналасқан жері	Кепіл мүлкінің сипаттамасы	Бастапқы бағасы	Кепілдік 5% жарна	Сауда-саттық өткізілетін күні	Сауда-саттық өткізілетін уақыт
1	Жер учаскесімен тұрғын үй	Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауд., Жәнібеков к., 66/10 үй	Жалпы ауданы 670,6 ш.м. құрайтын, жекеменшік жер учаскесімен 0,3545 га.	272 466 562 теңге	13 623 329 теңге	2024 жылғы 27 қыркүйек	15 сағ. 00 мин.

Кепілдік жарна – бастапқы құнның 5%.  
Қадамды ұлғайту – бастапқы құнның 2%.

Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және келесі мекенжай бойынша сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатылады: Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5 үй, «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бес банктік күн ішінде ҚР Ұлттық Банкінің

ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді.

Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5 үй, 416 каб., «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сенім білдірілген тұлға – Абдиқаримов Ақылжан Сырлыбаевич.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (701) 464-70-60 телефондары бойынша алуға болады.

### ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»

проводит торги по продаже заложенного имущества по английскому методу

№ п/п	Наименование объекта	Местонахождение	Описание и характеристика заложенного имущества	Стартовая стоимость	Гарантийный взнос 5%	Дата проведения торгов	Время проведения торгов
1	Жилой дом с земельным участком	Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қарағанды ауданы, район имени Казыбек Би, ул. Жанибекова, д. 66/10	общая площадь 670,6 кв.м., с правом частной собственности на земельный участок 0,3545 га.	272 466 562 теңге	13 623 329 теңге	27 сентября 2024 г.	15 ч.00 м.

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости.  
Шаг повышения – 2% от стартовой стоимости.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу г. Караганда, ул. Алиханова 5, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти банковских дней после проведения торгов.

Место проведения торгов – Карагандинская обл., г. Караганда, пр. Н.Абдилова, д. 5, каб. 416 в АО «Банк ЦентрКредит».

Доверенное лицо – Абдиқаримов Ақылжан Сырлыбаевич.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (701) 464-70-60.

№218

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!

«Банк ЦентрКредит» АҚ

кепіл мүлкін сату бойынша ағылшын әдісімен сауда-саттық өткізеді

Р/н №	Объектінің атауы	Орналасқан жері	Кепіл мүлкінің сипаттамасы	Бастапқы бағасы	Кепілдік 5% жарна	Сауда-саттық өткізілетін күні	Сауда-саттық өткізілетін уақыт
1	Үш бөлмелі пәтер	Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би ауд., Мұқанов к-сі, 51/8 үй, Г блогы, 143 пәтер	Жалпы ауданы 82,5 ш.м. құрайтын, соның ішінде тұрғын ауданы 45,7 ш.м., кабат 4(5) кадастрлық нөмірі: 09:142:143:876:4:143.	40 541 000 теңге	2 027 050 теңге	2024 жылғы 27 қыркүйек	11 сағ. 00 мин.

Кепілдік жарна – бастапқы құнның 5%.  
Қадамды ұлғайту – бастапқы құнның 2%.

Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және келесі мекенжай бойынша сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатылады: Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5 үй, «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бес банктік күн ішінде ҚР Ұлттық Банкінің

ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді.

Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5 үй, 416 каб., «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сенім білдірілген тұлға – Абдиқаримов Ақылжан Сырлыбаевич.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (701) 464-70-60 телефондары бойынша алуға болады.

### ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»

проводит торги по продаже заложенного имущества по английскому методу

№ п/п	Наименование объекта	Местонахождение	Описание и характеристика заложенного имущества	Стартовая стоимость	Гарантийный взнос 5%	Дата проведения торгов	Время проведения торгов
1	Трехкомнатная квартира.	Қарагандинская область, г. Караганда, р. Казыбек Би, ул. Муканова, д. 51/8, блог Г, кв. 143	общая площадь 82,5 кв.м., в том числе жилая площадью 45,7 кв.м., этаж 4(5), кадастровый номер: 09:142:143:876:4:143.	40 541 000 теңге	2 027 050 теңге	27 сентября 2024 г.	11 ч. 00 м.

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости.  
Шаг повышения – 2% от стартовой стоимости.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу г. Караганда, ул. Алиханова, 5 в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти банковских

дней после проведения торгов.

Место проведения торгов – Карагандинская обл., г. Караганда, пр. Н.Абдилова, д. 5, каб. 416 в АО «Банк ЦентрКредит».

Доверенное лицо – Абдиқаримов Ақылжан Сырлыбаевич. Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (701) 464-70-60.

№217





# Ұлы Даладағы рух жеңісі

Қазақстан қоржынында медаль саны 70-тен асты. Бұл – көкпар мен бәйгеге қоспағандағы жүзде жиынтығы. Асық ату, құбегілік пен дәстүрлі садақ атудан алдына қара салмай келе жатқан спортшыларымыз, тіпті, түрік күресі ашырмалы аба гүрешінен де үш күміс жүзде алып үлгерді. Оның бірі жаңарқалық Айдос Ғалымов, 90 келі салмақта қарсыластарын уақытынан бұрын жеңді. Ал, әлем көзі төрт болып бақылаған көкпар ойыны ерекше өтті. Бұлай деуге себеп – Қазақстан мен Қырғызстан командасының ақтық кездесуі.



дер?! Олар нақ осы ұлттық спортта әділдігін бермекке бас қоспап па еді?! – деді республикалық көкпар федерациясының президенті Айдарбек Қожаназаров.

Расында, бұл пікірдің жаны бары анық. Кезінде Қырғызстанда өткен көкпарда қазақ көкпаршыларының қойдай атап, құлаша сабаған осы қырғыз ағайынымыз еді. Қазақшылыққа салып, ат шапан айыбын алып, қазақ кешірім берді. Алайда, айыр қалпақты ағайынның негізсіз айыбы байыз таппай тұр.

– Көкпар – өте қауіпті экстрималды спорт. Алаңда ат тұрмақ адам мертігеді. Ондай жағдайлар талай кездесті. Оған көп себеп – ортадағы үлкен қазандықтар. Салымшылар серкені көтере сала, атқа қамшы басқанда ат ескініне ие бола алмай, қазандыққа соғылып жатады. Салдарынан талай көкпар аттары мен балуандар мертігіп, дене жарақаттарын алды. Сол себептен Ислам спорт қауымдастығы болып, қа-

(қолдан жасалған муляждың) аяғы, ал, екіншіде басы шеңбер сыртында қалды. Жалпы ойынға жиналған қауым куә. Әділ өтті, – дейді көкпардан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Ақылбай Манкеев.

Бұл тұрғыда артық ауыз пікір мен «менбілемдікке» салу қате секілді. Мамандардың кесіп, пішкені келте болмайтынына сенеміз. Ал, енді бәйгеге қалай дау қоса алар екенбіз?! Атағы Алатау асып, Алаш еліне аттан бұрын дүбірлеген дүрмегі мен даңқы жеткен қырғыздың «Қарақызы» атты сәйгүлігі аламанда мәреден үшінші болып өтті. Бәйгеде бағы мен бабы қатар келген шын жүйрік озары хақ. Қазақтың маңдайына біткен қос жүйрігі «Айқабақ» пен «Жұмыртұяқ» құйрық тістесіп, мәреден бірінші, екінші өтті.

Бұл аз десеңіз, 1600 метрлік ұшқыр бәйгеде де атакты «Қабирхан» иесі Тілек Мұханбетқалиев қосқан «Шағала» атты аргымақ алдына қара салмай мәреге жеке жетті. 18 шақырымдық топ бәйге

## Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алаш туы астында атырапқа аты әйгілі талай тұғырлы мемлекеттер бас қосты. Ондағы мақсат – көшпелі дала мәдениетін жаңғыртып, ескінің есті екенін еске салу. 89 мемлекеттің көкесегені – осы. Түрік, қырғыз, қазақ, өзбек елінің бастамасымен қолға алынған бұл іс абыройлы аяқталды десек болады. Алайда, көкпардан ұтылған қырғыз ұлты дода нәтижесімен келіспейтін көрінеді.

Алғашында ресейліктерді айқын басымдықпен жеңген қазақ палуандарының қарқыны көрермен жұртқа аян. Осы беттен таймай, олар өзбек пен АҚШ құрамасын да ойсырата ұтып, бір салымсыз жеңіп, шығарып салды. Ақтық сында айыр қалпақты ағайынмен кездесіп, 4:4 ұпаймен таразы басы тең түсті. Ойынға алтын салым уақыты қосылып, шешуші ойын ойнатылды.

– Бұл тұрғыда көп әңгіме айтылып жатқаны бар. Дау көбейіп, жаушылар қамшы сілтеп жасалды. Бір айтарымыз – егер қазақ елі жерлеріне бүйрегі бұрып, бармақ басты, көз қыстыға барды десек, Ду-



ниезулік этносспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған, Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік туризм ұйымы, Түркі мемлекеттері ұйымы мен Ислам спорт қауымдастығы қайда қарады дейсіз-

зандықсыз жердегі шеңбер сызығы салым орны деп шешілгені баршылық аян. Сол шеңберге салған қырғыз ағайындардың алғашқы қос салымы дұрыс түспей, есепке алынбады. Оның бірінде серкенің

мен 11 шақырымға шапқан құнан бәйгесінде де қазақ атбегілерінің бағы жанып, «Холибой» мен «Қамысқұлақ» бас жүлдені жеңіп алды.

Суреттер Ұлттық спорт қауымдастығының сайтынан

## • МЕРЕЙ

# Биігі аласармас Байдәулет баба

Өлі разы болмай, тірінің береке таппайтыны қашаннан қазақтың нанымдарында бар. Жақында XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген, ұлыармен тең түсіп, киелі Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген, Қаракесек, Түйте-Майқының Сарымынан тарайтын Токсанның шөбересі, Жиенкелдің немересі Құдайберліұлы Байдәулет бабаға арнап, ұрпақтары Ақтоғай ауданының орталығында ас берді.



әкімі Абылай Аманжолов құттықтау сөзін жеткізді.

– Көңілде көмескі тартқан көне заманнан көк түрікке дейін, көк түріктен бүгінгі Тәуелсіз көк байрақтың арасында қазақ халқының шарықтап шыңға шыққанын, құлданап құзға кеткенін де көреміз. Тағдыры тайғақ кешіп, алқалы көл, ақтабан шұбырынды болған қазақ алмағайып замандарды, аумалы-төкпелі кезеңдерді басынан кешіп, тауқымет шексе де, кең байтақ, ұлан-ғайыр Ұлы даланы ұрпағына аманат етті. Елдік жолында ерекше қызмет жасаған Байдәулет бабаның қазақ елі үшін орны бөлек, – деді Абылай Аманжолов.

Руханият өнегесі боларлықтай

маңызды шараны өткізу туралы алғашқы бастаманы баба ұрпақтарының ойына салып, бағат беріп, жол көрсетіп, жетекшілік жасаған Сәкітай Сыздықов Байдәулет баба туралы тарихи деректерге тоқталып, баяндама жасады.

Одан кейін сөз алған ғалымдар қасиетті Түркістаннан келген республикалық Қадауысты Қазыбек би қоғамдық қорының төрағасы Пернетап Досыбеков, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Қойлыбай Асанов, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Мұхамедқали Әб-

дуовке Байдәулет баба ұрпақтары ат мінгізіп, шапан жапты.

Салтанатты шарада ақын, қазақтың «Сары теңгегі» атанған Қуаныш Мақсұтов жүрекжарды лебізін білдіріп, жырдан шашу шашты. Бұл ақындарға да Байдәулет ұрпақтары құрмет көрсетті. Тойдың негізгі ұйымдастырушысы, Байдәулет бабаның кенжесі, Төле мырза ұрпағы, қарашаңырақ иесі Сәкітай Сыздықова арнайы «Асыл аға» әні орындалды. Оны шырақтан жиені, онші Айгерім Жақыпбекова.

Ашылу салтанатының соңынан «Тоқырауын толқыны» ансамблі Байдәулет баба тойына арнаған концерттік бағдарламасын қойды. Сонымен қатар, той қонақтары белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Досымжан Таңатаров, дәстүрлі және халық әндерін орындаушы Дінісламбек Жайлаубай ән шырақады.

«Биігі аласармас Байдәулет баба» тақырыбында ұйымдастырылған жазба ақындардың мүшәйрасында Бағдат Мүбәрак I орынды, Қайрат Аскар II орынды, Қуаныш Аманқұлов пен Мақсат Күземжан III орынды еншіледі. Арнайы сыйлықты Қайрат Иманбеков, Жандос Түшенов қанжығасына байлады.

Ақтоғай ауданы Сурет автордан

20 ҚЫРКҮЙЕК 18.30

МЕНШІПЕР МӘДЕНИЕТ САРАЙЫ

«Саған халқымыз»

Қазақстан республикасының мәдениет қайраткері

Меруеш Башайқызының шығармашылық концерті

Концертке қатысушылар: Халықаралық және республикалық конкурстың лауреаттары Өзгеріс Шерікбайұлы, Динасыл және Ерасыл Бақтыгерей Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптары оркестрі Дирижер - Мәдениет саласының уәдігі Ерлан Бақтыгерей, "Аққу" фольклорлық-хореографиялық ансамблі, "Арай" ансамблі

Жүргізуші: Ақпарат саласының уәдігі Қымбат Досжан

© korfiliz 41-13-14, 41-22-30

### ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ РЕПЕРТУАРЫ

18.30	18.30	18.30	18.30	18.30	18.30	18.30	18.30	18.30	18.30
«ҚЫЗ ЖІБЕК»	«ҚЫЗ ЖІБЕК»	«АЛИ БАБА ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ҚАРАҚЫЗЫ»	«СҮЙКІМДІ КӨБЕЛЕК»	«КЕРІК ПЕН МҮЙІЗТҮМСЫҚ»	«ҚОШ МАХАББАТ»	«ОЙЫНШЫҚТАР ОЯНҒАНДА»	«ОЙЫНШЫҚТАР ОЯНҒАНДА»	«АЙНАЛАЙЫН»	«ҰАТҚА ҚЫЗМЕТ»
Авторы: Г. Мұсабаев	Авторы: Г. Мұсабаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев
Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев
19.00	19.00	19.00	19.00	19.00	19.00	19.00	19.00	19.00	19.00
«ҚЫЗ ЖІБЕК»	«ҚЫЗ ЖІБЕК»	«АЛИ БАБА ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ҚАРАҚЫЗЫ»	«СҮЙКІМДІ КӨБЕЛЕК»	«КЕРІК ПЕН МҮЙІЗТҮМСЫҚ»	«ҚОШ МАХАББАТ»	«ОЙЫНШЫҚТАР ОЯНҒАНДА»	«ОЙЫНШЫҚТАР ОЯНҒАНДА»	«АЙНАЛАЙЫН»	«ҰАТҚА ҚЫЗМЕТ»
Авторы: Г. Мұсабаев	Авторы: Г. Мұсабаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев
Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев
20.00	20.00	20.00	20.00	20.00	20.00	20.00	20.00	20.00	20.00
«ҚЫЗ ЖІБЕК»	«ҚЫЗ ЖІБЕК»	«АЛИ БАБА ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ҚАРАҚЫЗЫ»	«СҮЙКІМДІ КӨБЕЛЕК»	«КЕРІК ПЕН МҮЙІЗТҮМСЫҚ»	«ҚОШ МАХАББАТ»	«ОЙЫНШЫҚТАР ОЯНҒАНДА»	«ОЙЫНШЫҚТАР ОЯНҒАНДА»	«АЙНАЛАЙЫН»	«ҰАТҚА ҚЫЗМЕТ»
Авторы: Г. Мұсабаев	Авторы: Г. Мұсабаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев
Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев
21.00	21.00	21.00	21.00	21.00	21.00	21.00	21.00	21.00	21.00
«ҚЫЗ ЖІБЕК»	«ҚЫЗ ЖІБЕК»	«АЛИ БАБА ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ҚАРАҚЫЗЫ»	«СҮЙКІМДІ КӨБЕЛЕК»	«КЕРІК ПЕН МҮЙІЗТҮМСЫҚ»	«ҚОШ МАХАББАТ»	«ОЙЫНШЫҚТАР ОЯНҒАНДА»	«ОЙЫНШЫҚТАР ОЯНҒАНДА»	«АЙНАЛАЙЫН»	«ҰАТҚА ҚЫЗМЕТ»
Авторы: Г. Мұсабаев	Авторы: Г. Мұсабаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев	Авторы: А. Салбаев
Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев	Режиссері: А. Салбаев

## • БӘРЕКЕЛДІ!

# Ақжолтайлар ардақталды

Балқаш өңірінен жылда Әлем чемпиондары шығып, қала, облыс абыройын асқақтатып жүр. Биыл да саңлақтарымыз топ жарып, толағай табыстарға жетті. Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Саяғұл Жақсылықова жақында Венгрия астанасы Будапештте өткен Әлем чемпионатынан бір алтын, бір қола жүлдемен оралған кикбоксшылар Нұрәли Ғалым мен Гаухар Сайлаубекпен және жаттықтырушыларымен, ата-аналармен кездесіп, спортшыларға қаржылай сертификат табыстады.



– Байрақты бәсекелерде Көк Туымызды көкке көтеріп, Өнұранымыздың асқақ шырқалуы мына отырған сіздердің талмай жаттығып, мақсатқа жету жолындағы маңдай терлеріңізбен келеді. Біз сіздерге әкімдік тарапынан да әрдайым қолдау білдіреміз. Біз сіздердің жеңісті жолдарыңызға жол ашамыз және сіздердің жеңіс жолдарын жаңғыртып, қала абыройын асқақтата беретіңіздеріңізге сенеміз. Еліміздің мерейін асырып, абыройын тасығатын өздеріңізге мұқалмас жігер мен қажымас рух тілеймін. Өздеріңіздей спортшылармен балқаштықтар мақтанамыз, – деді қала әкімінің орынбасары Саяғұл Жақсылықова.

Кикбоксан аға жаттықтырушы Дулат Сәметовке және Жоңғар Усенге қала әкімінің Алғыс хаты табысталды. Сондай-ақ, оларға 100 мың теңге ақшалай сыйлық табыс етілді. Спортшылардың ата-аналары да назардан тыс қалған жоқ. Нұрәлидің ата-анасы Қанат Дуанбеков пен Альмира Наурызбекова, Гаухар Сайлаубектің ата-анасы Ерлан Айтбаев пен Мая Данағұловаға қала әкімінің Алғыс хатын тапсырды.

Еске сала кетейік, балқаштық кикбоксшылар Венгрия астанасы Будапештте өткен Әлем чемпионатынан Көк Туымызды желбіретіп қайтқан болатын. 53 мемлекет қатысқан дүбірлі долада 812 спортшы күш сынаған. Жеңіс тұғырына көтерілген жерлесіміз Нұрәли Ғалым жасөспірімдер арасында 81 келі салмақта чемпион атанып, ал жастар арасында Гаухар Сайлаубек 48 келі салмақта қола жүлдегер атанған.

Өз тілшімізден Сурет автордан

БАЛҚАШ Сурет автордан

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары – Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактор – Е.К. МУСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары – Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерск: 8-702-293-13-70  
Қаржаралы, Нұра, Осақаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VРУ0030163 куәлігі берілді.  
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KZJKBZXX БИН 000840001412  
Таралымы 4 185

№ 103 тапсырыс. Индекс 65484  
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ,  
Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Жан АМАНТАЙ